# «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

*2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған*

МАЗМҰНЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

| | |
|---|---|
| Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | 1-2 |
| Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп | 3 |
| Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | 4 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп | 5 |
| Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты ескертулер | 6-59 |

## «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

### 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») басшылығы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сол күні аяқталған жыл ішіндегі оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін, ақшалай қаражатының шоғырландырылған қозғалысын және капиталындағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес анық бейнелейтін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық келесілерге жауапты :

- бухгалтерлік есеп ұстанымдарын дұрыс таңдау және оларды дәйекті пайдалану;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді жөнді, анық, салыстырмалы және түсінікті нысанда ұсыну;
- негізделген, мақсатқа сәйкес бағалау мен жорамалдарды қолдану;
- ХҚЕС талаптарын орындау Топтың қаржылық жағдайы мен оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалар мен жағдайлардың тигізетін әсерін шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың түсінуіне жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашып көрсету; және
- алдағы болашақта Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар келесілерге де жауапты :

- Топтың ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін жасау, енгізу және оның қызметін қамтамасыз ету;
- Топтың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген сәтте, әрі жеткілікті дәрежедегі дәлдікте әзірлеуге және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қолдану; және
- алаяқтық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін басшылық 2022 жылғы 27 ақпанда бекітті.

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор ____________________ Куаншалиев Б.С.

Бас бухгалтер ____________________ Альпищева А.Ж.

**Grant Thornton ЖШС**
Әл-Фараби даңғылы, 15
Нұрлы Тау БО 4В
Офис 2103
Алматы
050059

**T** +7 (727) 311 13 40

almaty@kz.gt.com
www.grantthornton.kz

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ**

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның акционері мен басшылығына

## Пікір

Біз «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен аталған күні аяқталған жыл бойынша, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша шолудан тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса тіркелген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және ақшалай қаражатының шоғырландырылған қозғалысын аталған күні аяқталған жыл бойынша Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі тұрғыда анық бейнеленген.

## Пікірімізді білдіру үшін негіз

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – АХС) сәйкес аудит жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізген аудитімізге Қазақстан Республикасында қолданылатын этика талаптарына сәйкес Топқа тәуелді емеспіз және де біз бұл талаптарға сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біздің ойымызша, біздің алған аудиторлық дәлелдеріміз пікір білдіруіміз үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

© 2023 Grant Thornton. Барлық құқығы қорғалған.
«Grant Thornton» ЖШС Grant Thornton International-дың Қазақстандағы мүшесі болып саналады.
Grant Thornton International фирмалары-ұйым мүшелері халықаралық әріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International-дің әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып есептеледі және дербес қызмет көрсетеді.

## Басқа да ақпарат: Топтың жылдық есебі

Басшылық жылдық есепке кіргізілетін басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті көтереді. Басқа да ақпарат: басқарма төрағасының мәлімдемесін, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ туралы ақпаратты, есепті күннен кейінгі негізгі оқиғаларды, операциялық қызметтің сипаттамасын, қаржы-экономикалық көрсеткіштерді, белгісіздік тәуекелдерін және ішкі бақылау жүйесін, әлеуметтік жауапкершілікті және қоршаған ортаны қорғауды, корпоративтік басқаруды, 2023 жылға арналған негізгі міндеттерді және басқа ақпаратты қамтиды, бірақ оған шоғырландырылған қаржылық есептілік және ол туралы біздің аудиторлық есебіміз кірмейді. Болжам бойынша, жылдық есеп бізге осы аудиторлық есеп жасалған күннен кейін беріледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір түрдегі сенгендікті білдіретін тұжырым жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда аталған ақпарат бізге берілген кезде онымен танысып шығуымызда, басқа да ақпараттың және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында біздің білгеніміздің арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар не жоқ екені және басқа да ақпаратта ықтимал елеулі бұрмалаушылықтың бар не жоқ екені туралы мәселені қарастыруымызда жатыр.

Егер басқа да ақпаратпен танысып шығу кезінде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген тұжырымға келсек, онда біз бұл мәліметті корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалардың назарына жеткізуге тиіс боламыз.

## Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық аталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-қа сәйкес дайындалуы және анық көрсетілуі үшін және басшылық жосықсыз әрекеттің немесе қателіктің салдарында елеулі бұрмалаушылығы болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікті көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуы үшін және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы болжамның негізінде дайындалуы үшін жауапкершілік көтереді, тек бұған басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттеніп отырған жағдайлар немесе оның таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір іс жүзіне асатын баламасы болмаған жағдайлар жатпайды.

Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуына қадағалау жасау үшін жауапкершілікті көтереді.

## Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарында шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылық жоқ екеніне ақылға қонымды түрде көз жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудитор қорытындысын шығару болып табылады. Ақылға қонымды түрде көз жеткендік жоғары дәрежеде көз жеткізу болады, бірақ елеулі бұрмалаушылықтар болған жағдайда АХС-ке сәйкес жүргізілген аудиттің әрқашан оларды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Ақпаратты бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде болуы мүмкін, және егер жеке-жеке немесе жиынтығында олар осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде пайдаланушылардың қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде ойлауға болатын болса, олар елеулі бұрмалаушылық деп саналады.

© 2023 Grant Thornton. Барлық құқығы қорғалған.
«Grant Thornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық әріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

**Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)**

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіптік пайымдаманы қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіптік күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз мына төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; бұл тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікір білдіруіміз үшін негіз болатындай жеткілікті әрі тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жоғарыда аталған жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануының анықталмай қалу тәуекелі қателіктің нәтижесінде болған елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелінен жоғарырақ, себебі жосықсыз әрекеттерде сөз байласу, қасақана жол беру, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет жасау қамтылуы мүмкін;

- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатымен емес, ал жағдайға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын, сондай-ақ басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпаратты тиісінше ашудың негізділігін бағалаймыз;

- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі жайында болжам жасауының заңға сәйкестігі жөнінде тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауына әкелетін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы тұжырым жасалады. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген тұжырымға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте сәйкесінше ашылуына назар аударуға және егер мұндай ақпараттың ашылуы тиіссіз түрде болса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топ өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылатын жағдайға әкелуі мүмкін;

- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуына, оның құрылымы мен мазмұнына, соның ішінде онда ақпараттың ашылуына, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізіне алынған операциялар мен оқиғаларды көрсеткенде олардың анық көрсетілуіне баға береміз;

- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық ақпаратына немесе Топтың ішіндегі қызметке қатысы бар тиісті, жеткілікті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитіне басшылық ету, бақылау жасау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

© 2023 Grant Thornton. Барлық құқығы қорғалған.
«Grant Thornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық әріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

### Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғаларымен ақпараттық әрекеттестік жасаймыз, бұл орайда басқасының ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сондай-ақ аудиттің нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, соның ішінде аудит барысында өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткіземіз.

Grant Thornton LLP

| | |
|---|---|
| Арман Чингильбаев | Ержан Досымбеков |
| Тапсырма бойынша серіктес | «Grant Thornton» ЖШС<br>Бас директоры |
| Қазақстан Республикасының<br>Квалификацияланған аудиторы<br>1999 жылғы 12 қазанда берілген<br>№МФ-0000487 біліктілік куәлігі | Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы 3 тамызда берген №18015053 мемлекеттік лицензия |

2022 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

© 2023 Grant Thornton. Барлық құқығы қорғалған.
«Grant Thornton» ЖШС Grant Thornton International ұйымының мүшесі болып табылады.
Grant Thornton International және ұйымға мүше фирмалар халықаралық әріптестік болып табылмайды.
Grant Thornton International ұйымының әрбір фирма-мүшесі жеке тәуелсіз фирма болып табылады және дербес қызмет көрсетеді.

# «ТАУ-КЕН САМРУК» «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

## 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңге | Ескерту | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 6 | **86,126,529** | 88,769,769 |
| Материалдық емес активтер | 7 | **46,928,415** | 46,970,750 |
| Қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестициялар | 8 | **492,050,698** | 549,060,271 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **1,209,922** | 974,336 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | 25 | **1,427,384** | 1,493,288 |
| Тауарлы-материалдық қорлар | 9 | **3,573,670** | 3,567,469 |
| Ұзақ мерзімді активтер, сынақ өндірумен байланысты | | **2,281,274** | – |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 10 | **3,388,874** | 3,080,275 |
| Пайдалану жағынан шектелген ақшалай қаражат | | **1,853,912** | 2,811,049 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 11 | **38,545,019** | 23,074,388 |
| **Ұзақ мерзімді активтер, барлығы** | | **677,385,697** | **719,801,595** |
| | | | |
| **Қысқа мерзімді активтер** | | | |
| Тауарлы-материалдық қорлар | 9 | **14,642,360** | 13,922,161 |
| Дебиторлық берешек | 12 | **9,353,592** | 6,549,697 |
| Бас ұйымға берілген қарыз | 13 | **16,536,875** | 18,306,918 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **71,814** | 55,389 |
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 15 | **29,373,936** | 29,795,057 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 14 | **654,037** | 1,227,128 |
| **Қысқа мерзімді активтер, барлығы** | | **70,632,614** | **69,856,350** |
| **АКТИВТЕР, БАРЛЫҒЫ** | | **748,018,311** | **789,657,945** |
| | | | |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 16 | **252,874,907** | 252,874,907 |
| Үлестірілмеген пайда | | **26,542,426** | 135,237,354 |
| Капиталдың өзге компоненттері | 16 | **384,401,904** | 346,087,740 |
| **Бас ұйымның акционеріне келетін капитал** | | **663,819,237** | **734,200,001** |
| Бақыланбайтын иелік үлестері | 16 | **32,274** | 34,709 |
| **КАПИТАЛ, БАРЛЫҒЫ** | | **663,851,511** | **734,234,710** |

## 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

| Мың теңге | Ескерту | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Алынған қарыздар | 18 | **31,137,786** | 8,506,227 |
| Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек | 17 | **5,502,399** | 5,694,331 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме | 25 | **11,013,541** | 10,525,992 |
| Жалгерлік бойынша міндеттемелер | | **–** | 65,663 |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | 17 | **637,605** | 416,392 |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | 19 | **292,623** | 282,409 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер, барлығы** | | **48,583,954** | **25,491,014** |
| | | | |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Шарт бойынша міндеттемелер | | | – |
| Алынған аванстар | 17 | **75,929** | 659,809 |
| Кредиторлық берешек | 17 | **8,780,296** | 11,459,971 |
| Алынған қарыздар | 18 | **21,181,119** | 12,694,962 |
| Сот қуынымдары бойынша міндеттемелер бойынша резерв | 26 | **4,596,866** | 4,327,966 |
| Жалгерлік бойынша міндеттемелер | | **146,217** | 114,070 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 19 | **802,419** | 675,443 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер, барлығы** | | **35,582,846** | **29,932,221** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР, БАРЛЫҒЫ** | | **84,166,800** | **55,423,235** |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, БАРЛЫҒЫ** | | **748,018,311** | **789,657,945** |

*6-59-беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор — Куаншалиев Б.С.

Бас бухгалтер — Альпищева А.Ж.

2022 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

## «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

### 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңге | Ескерту | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|---|
| Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім | 20 | **944,758,469** | 724,217,523 |
| Өткізілген өнімнің өзіндік құны | 21 | **(939,196,136)** | (723,052,255) |
| **Жалпы пайда** | | **5,562,333** | **1,165,268** |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | 22 | **(3,325,252)** | (3,106,126) |
| Өткізу бойынша шығындар | | **(76,936)** | (78,131) |
| **Операциялық табыс/(залал)** | | **2,160,145** | **(2,018,989)** |
| Қаржылық табыстар | 23 | **5,575,640** | 4,029,225 |
| Қаржылық шығындар | | **(751,459)** | (713,001) |
| Қауымдасқан ұйымдардың (залалындағы)/пайдасындағы үлес | 8 | **(6,529,285)** | 66,996,457 |
| Еншілес ұйымдардың істен шығуынан келген пайда | | **–** | 2,140,130 |
| Қаржылық активтердің құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру/(есептеу) | | **199,051** | (359,062) |
| Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалды (есептеу)/ қалпына келтіру | 24 | **(14,116,753)** | 6,565,862 |
| Сот талқылауы бойынша резервті құрудан болған шығын | 26 | **–** | (4,327,966) |
| Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардың және лицензиялардың істен шығуынан болған табыс | | **417,762** | 143,928 |
| Бағамдық айырмадан келген таза залал | | **(1,900,104)** | (214,271) |
| Өзге де операциялық емес табыстар | | **1,529,042** | 576,033 |
| Өзге де операциялық емес шығындар | | **(1,630,008)** | (1,072,070) |
| **Салық салынғанға дейін жыл ішінде түскен (залал)/пайда** | | **(15,045,969)** | **71,746,276** |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу | 25 | **(1,228,506)** | 106,851 |
| **Жыл ішіндегі (залал)/пайда** | | **(16,274,475)** | **71,853,127** |
| **Келесілерге қатысты жыл ішіндегі (залал)/пайда:** | | | |
| Бас компанияның акционеріне | | **(16,272,040)** | 71,853,487 |
| Бақыланбайтын иелік үлестеріне | 16 | **(2,435)** | (360) |
| **Жыл ішіндегі өзге де жиынтық табыс** | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеуден келген табыс | 8 | **38,314,164** | 13,564,863 |
| **Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы** | | **22,039,689** | **85,417,990** |
| **Жыл ішіндегі келесілерге қатысты жиынтық табыс, барлығы:** | | | |
| Бас компанияның акционеріне | | **22,042,124** | 85,418,350 |
| Бақыланбайтын иелік үлестеріне | 16 | **(2,435)** | (360) |
| **Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы** | | **22,039,689** | **85,417,990** |

*6-59-беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор — Куаншалиев Б.С.

Бас бухгалтер — Альпищева А.Ж.

2022 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

# «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

## 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

| Мың теңге | Ескерту | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ :** | | | |
| Сатып алушылардан ақшалай түсімдер | | **944,048,755** | 718,581,699 |
| Алынған пайыздар | | **3,418,852** | 1,535,519 |
| Төленген пайыздар | 18 | **(1,791,922)** | (136,079) |
| Жеткізушілерге ақшалай төлемдер | | **(940,596,743)** | (705,526,513) |
| Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер | | **(2,877,919)** | (2,372,679) |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | | **(925,386)** | (185,184) |
| Өзге де салықтар мен төлемдер | | **(1,457,552)** | (1,336,640) |
| Өзге де ақшалай түсімдер | | **437,298** | 196,150 |
| Өзге де төлемдер | | **(2,131,894)** | (769,607) |
| **Операциялық қызметте (пайдаланылған)/алынған ақшалай қаражат** | | **(1,876,511)** | **9,986,666** |
| | | | |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | **(13,772,207)** | (17,798,341) |
| Ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға берілген аванстар | | **(18,119,835)** | (6,661,563) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | 7 | **(40,013)** | (124,749) |
| Еншілес ұйымдарды сатудан алынған түсімдер, істен шыққан ақшалай қаражатты шегергенде | | **–** | 2,952,281 |
| Қауымдастырылған ұйымнан алынған дивидендтер | 8 | **88,819,162** | 63,273,551 |
| Бас ұйымға қарыз беру | 13 | **–** | (18,442,396) |
| Бас ұйымға берілген қарызды өтеу | 13 | **–** | 18,442,396 |
| Жарғылық капиталға төленетін жарна | | **(60)** | – |
| Ұйымдарға сенімді басқару тұрғыда берілген қарыз | | **(21,092)** | – |
| **Инвестициялық қызметте алынған ақшалай қаражат** | | **56,865,955** | **41,641,179** |
| | | | |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:** | | | |
| Алынған қарыздар бойынша түсімдер | 18 | **46,462,493** | 19,492,851 |
| Алынған қарыздар бойынша төлемдер | 18 | **(14,877,271)** | (374,124) |
| Жалгерлік бойынша негізгі соманы төлеу | | **(106,163)** | (105,339) |
| Төленген дивидендтер | 16 | **(88,819,162)** | (45,536,999) |
| Пайдалану жағынан шектелген ақшалай қаражатты қайтару | | **1,765,237** | – |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражат** | | **(55,574,866)** | **(26,523,611)** |
| **Жыл ішінде ақшалай қаражаттың және оның баламаларының таза өзгеруі** | | **(585,422)** | **25,104,234** |
| Айырбас бағамы өзгеруінің ақшалай қаражатқа және оның баламаларына әсері | | **(5,205)** | 15,629 |
| Ақша қаражат және оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгерістер | | **169,506** | (340,255) |
| Кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары | 15 | **29,795,057** | 5,015,449 |
| **Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары** | **15** | **29,373,936** | **29,795,057** |

*6-59-беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Куаншалиев Б.С.

Бас бухгалтер

Альпищева А.Ж.

2022 жылғы 27 ақпан

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

**«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

| Мың теңге | Ескерту | Бас ұйымның акционеріне қатысты капитал | | | | Бақыланбайтын иелік үлестері | Капитал, барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық капитал | Капиталдың өзге де компоненттері | Үлестірілмеген пайда | **Барлығы** | | |
| **2021 жылғы 1 қаңтарда** | | **252,874,907** | **332,522,877** | **110,607,169** | **696,004,953** | **35,069** | **696,040,022** |
| Жыл ішіндегі пайда | | | | **71,853,487** | **71,853,487** | **(360)** | **71,853,127** |
| Өзге де жиынтық табыс | 8 | – | 13,564,863 | – | 13,564,863 | – | 13,564,863 |
| *Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы* | | | **13,564,863** | **71,853,487** | **85,418,350** | **(360)** | **85,417,990** |
| Бас ұйымға берілген қарыздың әділ құнын түзету | 13 | – | – | (1,686,303) | **(1,686,303)** | – | **(1,686,303)** |
| Дивидендтер | 16 | – | – | (45,536,999) | **(45,536,999)** | – | **(45,536,999)** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | | **252,874,907** | **346,087,740** | **135,237,354** | **734,200,001** | **34,709** | **734,234,710** |
| Жыл ішіндегі залал | | – | – | (16,272,040) | (16,272,040) | (2,435) | **(16,274,475)** |
| Өзге де жиынтық табыс | 8 | – | 38,314,164 | – | 38,314,164 | – | **38,314,164** |
| *Жыл ішіндегі жиынтық табыс, барлығы* | | *–* | *38,314,164* | *(16,272,040)* | *22,042,124* | *(2,435)* | ***22,039,689*** |
| Бас ұйымға берілген қарыздың әділ құнын түзету | 13 | – | – | (3,603,726) | (3,603,726) | – | **(3,603,726)** |
| Дивидендтер | 16 | – | – | (88,819,162) | (88,819,162) | – | **(88,819,162)** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | | **252,874,907** | **384,401,904** | **26,542,426** | **663,819,237** | **32,274** | **663,851,511** |

*6-59-беттердегі түсіндірме ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Куаншалиев Б.С.

Бас бухгалтер

Альпищева А.Ж.

2022 жылғы 27 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Тау-Кен Самұрық» немесе «Компания» немесе бірлескен ұйымдарымен бірге - «Топ») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы №10 Қаулысына сәйкес құрылып, 2009 жылғы 2 ақпанда акционерлік қоғам ретінде тіркелді.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Самұрық-Қазына қорының жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Компанияның тіркелген офисі мына мекенжайда орналасқан: Е-10 көшесі, 17/10-үй, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің саны 554 адам болған (2021 жылдың 31 желтоқсаны: 593 адам).

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қамтиды.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына компаниялар Компанияның еншілес ұйымдары болған:

| Компания | Қызметінің түрпаты | Аймақ | **2021 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ | Араласқан қорғасын-мырыш кенін барлау, өндіру және өңдеу | Қызылорда облысы | **100.00%** | 100.00% |
| «Тау-Кен Алтын» ЖШС | «Аффинаж өндірісін құру және оны минералды-шикізат базасымен қамтамасыз ету» инвестициялық жобасының үйлестірушісі | Астана қаласы | **100.00%** | 100.00% |
| «Солтүстік Қатпар» ЖШС | Вольфрам өндіру | Қарағанды облысы | **100.00%** | 100.00% |
| «Tau-Ken Temir» ЖШС | Металлургиялық кремнийді және жанама өнімдерді өндіру | Қарағанды облысы | **100.00%** | 100.00% |
| «Алайғыр БК» ЖШС | Полиметалл рудасын өндіру | Қарағанды облысы | **100.00%** | 100.00% |
| «Silicon mining» ЖШС | Желілік кварц өндіру | Астана | **100.00%** | 100.00% |
| «Масальский ТБК» ЖШС | Темір рудасын игеру және өндіру | Ақмола облысы | **99.19%** | 99.19% |

### Негізгі қызметі

Топ тік біріктірілген компания болып табылады және мына салаларда жер қойнауын пайдалану бойынша тиімді қызметті қамтамасыз ету мақсатымен құрылған:

- қатты пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу және өткізу;
- тау-кен металлургиясы саласындағы еншілес және қауымдастырылған ұйымдарды тиімді басқару;
- тау-кен металлургиясы өнеркәсібінде ғылымды қажет ететін және тиімді жаңа технологияларды әзірлеу және ендіру;
- Қазақстан Республикасының минералды шикізат кешенін ұдайы жаңғырту,
- кен орындарының баланстан тыс қорларын игеру.

## 2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ

**Сәйкестік қағидаты**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

**Дайындау қағидаттары**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік бастапқы құн негізінде дайындалды.

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстан теңгесімен (бұдан әрі – «теңге») көрсетілген. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы мен презентациясының валютасы теңге болып табылады, тек бұған функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылатын оның қауымдастырылған ұйымының шоғырландырылған қаржылық есептілігі жатпайды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы ескертілген жағдайлардан басқа, мыңға дейін ықшамдалған.

**Қызметтің үздіксіздік қағидаты**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік ХҚЕС-қа сәйкес, Топ қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстанады деген жорамал негізге алына отырып әзірленді. Бұл жақын болашақта оның дағдылы шаруашылық қызметі барысында активтерді сатуы мен міндеттемелерін өтеуін болжайды. Топ басшылығының ойынша, Топ өзінің үздіксіз қызметін жалғастыра алады. Топтың басшылығында таратылуға немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қысқартуға деген не ниет, не қажеттілік жоқ.

**Есептеу қағидаты**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес дайындалған. Есептеу қағидаты бойынша шаруашылық операциялардың нәтижелерінің, сондай-ақ төлем уақытына қарамастан оқиғалардың жасалу фактісі бойынша олардың танылуы топшыланады. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте бейнеленіп, тиісті кезеңдердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне кіргізіледі.

**Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің элементтерін тану**

*Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді етіп жіктеу*

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді оларды қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді болып жіктеудің негізінде көрсетеді. Мына жағдайда актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- ол іске асырылуы күтілуде немесе сатуға немесе қалыпты операциялық циклде тұтынуға арналған;
- оны негізінен сауда мақсатында ұстап тұрса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай шегінде өткізу ұйғарылса;

немесе

- ол ақшалай қаражат немесе ақшалай қаражаттың баламалары болып табылса, тек бұған есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі ай бойы күшінде болатын оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға қатысты шектеулер бар болған жағдайлар жатпайды.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

## 2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

*Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді етіп жіктеу (жалғасы)*

Мына жағдайда міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде реттеу ұйғарылса;
- оны негізінен сауда мақсатында ұстап тұрса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде реттелуге жатса; немесе
- міндеттемелерді реттеу мерзімін ең болмағанда есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айға кейінге қалдыруға ұйымның шартсыз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді деп жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер болып жіктеледі.

**Шетел валютасын қайта есептеу**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде функционалды валютадан ерекшеленетін (шетел валютасында) жасалған мәмілелер олар іске асырылған күннің бағамы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасымен көрсетілген ақшалай баптар шоғырландырылған есептілік құрастырылған күнгі тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасымен есепке алынатын және әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құны анықталатын күнге қарай кезеңдегі айырбас бағамы бойынша қайта есептелуге жатады. Шетел валютасымен көрсетілген, тарихи құны бойынша бейнеленген ақшалай баптар қайта есептелмейді. Валюта бағамының өзгеруі нәтижесінде туындайтын ақшалай баптар бойынша бағамдық айырмалар олар туындаған кезеңде пайда немесе залалда бейнеленеді.

Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») негізгі сессиясында қалыптасқан орташа есептелген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру кезінде Топ пайдаланған ҚҚБ валюта айырбас бағамдары мына төмендегідей:

| Теңгемен | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | **2022 жылы орташа есеппен** | 2021 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылы орташа есеппен |
|---|---|---|---|---|
| 1 АҚШ доллары | **462.65** | **460.93** | 431.80 | 426.03 |
| 1 еуро | **492.86** | **485.29** | 489.10 | 503.88 |
| 1 ресейлік рубль | **6.43** | **6.92** | 5.76 | 5.78 |

**Шоғырландыру қағидаттары**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және Компания бақылайтын оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептерін қамтиды, олардың тізімі 1-ескертуде келтірілген.

Топ инвестициялар объектісіне қатысудан табыстың өзгеру тәуекеліне тап болатын немесе оның осындай табыс алуға құқығы бар болатын, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы бұл табыстарға әсер етуге мүмкіндігі болатын жағдайда, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, мына жағдайлар орындалған жағдайда ғана Топ инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топта инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктер болғанда (яғни инвестициялар объектісінің елеулі қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін ағымдағы құқықтары бар болса);
- инвестициялар объектісіне қатысудан Топ табыстың өзгеру тәуекеліне тап болса немесе осындай табыс алуға құқығы болса;
- табыстардың шамасына ықпал ету үшін Топтың өз өкілеттігін пайдалануға мүмкіндігі болса.

## 2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)**

Қағида бойынша, дауыс беру құқықтарының көпшілігі бақылау болуына себепші деп топшыланады. Осындай долбарды растау үшін және Топтағы дауыс беру құқықтары немесе инвестициялар объектісіне қатысты соған ұқсас құқықтар көпшіліктен аз болғанда, Топ бұл инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің бар-жоғын бағалау кезінде мынадай бүкіл орынды фактілер мен мән-жайларды есепке алады:

- инвестициялар объектісіндегі дауыс беру құқықтарының басқа иелерімен келісім(дер)ді;
- басқа келісімдерде көзделген құқықтарды;
- Топтың иелігіндегі дауыс беру құқықтарын және әлеуетті дауыс беру құқықтарын.

Егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш компонентінің біреуі немесе бірнешеуі өзгергенін айғақтаса, Топ инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудын бар-жоғын қайталап талдайды. Топ еншілес ұйымды бақылау өкілеттілігіне ие болғанда, еншілес ұйымды шоғырландыру басталады, ал Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылғанда, - тоқтатылады. Бір жыл ішінде сатып алынған немесе істен шығарылған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, табыстары мен шығындары Топ бақылау өкілеттігіне ие болған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке кіргізіледі және Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылған күнге дейін бейнеленеді.

Пайданың немесе залалдың және өзге де жиынтық табыстың әр компоненті, тіпті бұл бақыламайтын қатысу үлестерінің сальдосы теріс болуына алып келсе де, Топтың бас ұйымының акционерлеріне және бақыламайтын қатысу үлестеріне жатқызылады. Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру үшін, ондай ұйымдардың қаржылық есептілігі түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде пайда болатын барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, табыстар, шығындар және ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің өзгеруі, бірақ мұның бақылаудан айырылуға әкелмеуі меншікті капиталмен жүргізілген операция ретінде есепке алынады.

Егер Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылса, ол тиісті активтерді (соның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыламайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да компоненттерін тануды тоқтатады және туындаған пайданы немесе залалды пайда немесе залал құрамында таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

**Бақыланбайтын иелік үлестері**

Бақыланбайтын иелік үлестері бас компанияның Акционеріне тура немесе жанама түрде жатқызылмайтын еншілес кәсіпорындағы капиталға қатысу үлестері болып табылады. Бақыланбайтын иелік үлестері пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте бөлек көрсетіледі, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте - меншікті капитал құрамында, бас компанияның акционерлік капиталынан бөлек көрсетіледі.

**Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар**

Қауымдастырылған ұйым – бұл әдетте Топ дауыс беру құқығының 20%-дан 50%-ға дейінгі бөлігіне иелік ететін немесе оның қызметіне Топтың айтарлықтай ықпалы бар немесе басқа жолмен айтарлықтай ықпал етуге мүмкіндігі бар, бірақ солай болғанымен Топтың бақылауында емес немесе Топтың және басқа тараптардың бірлескен бақылауында тұрмаған ұйым. Елеулі ықпал – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу өкілеттігі, бірақ ол аталмыш саясатты бақылау немесе бірлесіп бақылау дегенді білдірмейді.

Бірлескен кәсіпорын – бұл қызметті бірлесіп бақылау өкілеттігіне ие тараптарда қызметтің таза активтеріне құқықтардың бар болуы ұйғарылатын бірлескен кәсіпкерлік. Бірлескен бақылау – бұл шартта көзделген қызметті бақылаудың бөлінуі, ол елеулі қызметке қатысты шешім қабылдау үшін бірлескен бақылау жасайтын тараптардың бірауызды келісімі қажет етілетін жағдайда ғана орын алады.

## 2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар (жалғасы)**

Елеулі ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың бар-жоғын анықтау кезінде есепке алынатын факторлар еншілес ұйымдарға қатысты бақылаудың бар-жоғын анықтау кезінде есепке алынатын факторларға ұқсас. Топтың өзінің қауымдастырылған ұйымына және бірлескен кәсіпорнына салған инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған инвестиция алғашқыда гудвилді қамтитын бастапқы құны бойынша танылады. Кейіннен сатып алу күнінен кейін орын алатын қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі Топтың үлесіндегі өзгерістерді танудың нәтижесінде инвестицияның баланстық құны түзетіледі. Қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысты гудвилл инвестицияның баланстық құнына кіргізіледі және құнсыздану бойынша жеке тестіленбейді.

Пайда немесе залалдар туралы есеп қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін бейнелейді. Алайда, егер Топтың қауымдастырылған ұйымның залалдарындағы үлесі оның қауымдастырылған ұйымдағы үлесіне тең болса немесе одан асатын болса, Топ қауымдастырылған ұйымның төлемдерін немесе оның атынан төлемдерді жүзеге асыруға міндетті болатын жағдайлардан басқа, Топ одан әрі залалдарды танымайды. Осындай инвестиция объектілерінің өзге де жиынтық табысындағы өзгерістер Топтың өзге де жиынтық табысының құрамында көрсетіледі. Бұдан басқа, егер қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алған болса, Топ осындай өзгерістегі өзінің үлесін таниды және, қолайлы болған кезде, бұл фактіні меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ашып көрсетеді. Топтың қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жүргізетін операциялары бойынша туындайтын және өткізілмеген пайда немесе залал Топтың қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы иеленетін қатысу үлесінің дәрежесіне сәйкес шығарылып тасталған.

Қауымдастырылған ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы Топтың үлесі пайда немесе залалдар туралы шоғырландырылған есепте операциялық пайданың шеңберінен тыс тікелей көрсетілген. Ол салық салынғаннан және қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы бақыламайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейінгі пайда немесе залал болып табылады.

Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі сияқты, дәл сол есепті кезең үшін құрылады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру мақсатымен оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салған инвестициясының құнсыздануынан болған қосымша залалды тану қажеттілігін анықтайды. Әрбір есепті күнге қарай Топ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың құнсыздануының объективті растауларының бар-жоғын анықтайды. Ондай растаулар бар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін сомасының және оның баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды пайда немесе залал туралы есепте «Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес» деген бапта таниды.

Қауымдастырылған ұйымға қатысты елеулі ықпалдан немесе бірлескен кәсіпорынды бірлесіп бақылаудан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалдан немесе бірлесіп бақылаудан айырылған кездегі қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның баланстық құнының және қалған инвестициялардың әділ құны мен істен шығуынан алынған түсімдердің арасындағы айырма пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

## 2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет

Егер ұзақ мерзімді активтердің және істен шығатын топтардың баланстық құны, негізінен, оларды пайдалануды жалғастырудың нәтижесінде емес, ал сату арқылы өтелуге жататын болса, Топ оларды сатуға арналған деп жіктейді. Сатуға арналған деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер және істен шығатын топтар екі шаманың кішісі – сату бойынша шығыстан шегерілгеннен кейін баланстық құны немесе әділ құны бойынша бағаланады. Сату бойынша шығыстар активтің (немесе істен шығатын топтың) істен шығуына тікелей қатысы бар қосымша шығыстар болып табылады және қаржыландыру шығыстары мен пайдаға салынатын салық бойынша шығынды қамтымайды.

Объектіні сатуға арналған ретінде жіктеу критерийі объектінің сатылу ықтималы жоғары болып табылатын, ал актив немесе істен шығатын топ өзінің ағымдағы күйінде дереу сатылуы мүмкін болғанда ғана сақталған болып есептеледі. Сатуды іске асыру үшін қажетті әрекеттер сату бойынша әрекеттерде елеулі өзгерістердің болу ықтималы төмен екенін көрсетуге тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша өзіне міндет қабылдауға тиіс және сату әрекеті жіктеу жасалған күннен бастап бір жылдың ішінде аяқталады деп күтілуге тиіс.

Негізгі құралдар және материалдық емес активтер сатуға арналғандар ретінде жіктелгеннен кейін амортизациялауға жатпайды.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте айналым баптары/қысқа мерзімді баптар ретінде жеке көрсетіледі.

Егер істен шығатын топ істен шыққан немесе сатуға арналған деп жіктелетін ұйымның компоненті болып табылса және төменде көрсетілгендей болса, ол тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу критерийлерін қанағаттандырады, яғни:

- жеке елеулі қызмет бағыты немесе операциялар жүргізілетін географиялық аудан болып табылса;
- жеке елеулі қызмет бағыты немесе операциялар жүргізілетін географиялық аудан ауқымындағы істен шығару жөніндегі біртұтас үйлестірілген жоспардың бір бөлігі болып табылса; немесе
- кейін қайта сату мақсатымен ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылса.

Тоқтатылған қызмет жалғастырылған қызметтің нәтижелерінен шығарылып тасталады және пайда немесе залал туралы есепте жеке бапта салық салынғаннан кейін тоқтатылған қызметтен алынған пайда немесе залал түрінде көрсетіледі.

### Бизнесті біріктіру

Бизнестің біріктірілуі сатып алу әдісін пайдалану арқылы есепке алынады. Сатып алудың құны сатып алу күнінде әділ құны бойынша бағаланып табысталған өтемнің және сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің қосынды сомасы ретінде бағаланады. Бизнестің әрбір біріктірілуі үшін Топ сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын иелік үлесін сатып алынатын ұйымның таза активтерінде сәйкестендірілетін үйлесімді үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шығыстар олар болған кездегі жалпы және әкімшілік шығындар құрамына кіргізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдаяттарға байланысты сатып алынған қаржылық активтер мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде жіктейді және белгілеп қояды. Бұған сондай-ақ бизнесті сатып алып отырған ұйымның негізгі шарттарға кіріктірілген туынды құралдарды бөліп шығаруы қажет не қажет емес екендігін анықтау бойынша талдау жасау жатады.

## 2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Бизнесті біріктіру (жалғасы)**

Бизнес кезең-кезеңімен біріктірілетін жағдайда, сатып алу күнінде сатып алынған ұйымдағы бұрын сатып алушыға тиесілі болған қатысу үлесінің әділ құны бұл күндегі оның әділ құны бойынша қайта бағаланады да, айырмасы пайда немесе залалдың құрамына жатқызылады.

Сатып алушы беруге тиіс шартты өтем сатып алу күніндегі әділ құны бойынша танылады. Қаржы құралы болып табылатын және *«Қаржы құралдары: тану және бағалау»* 9-шы ХҚЕС-інің (IFRS) қолданылу аясына жататын, актив немесе міндеттемелер ретінде жіктелетін шартты өтем әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнындағы өзгерістер пайданың не залалдың құрамында танылады, немесе өзге де жиынтық табыстың өзгеруі ретінде танылады. Егер шартты өтем 9-шы ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына жатпаса, ол қолданылатын басқа ХҚЕС бойынша бағаланады. Егер шартты өтем меншікті капитал ретінде жіктелсе, онда кейіннен ол қайта бағаланбайды, және оның өтелуі капиталдың құрамында бейнеленеді.

Гудвилл алғашқыда бастапқы құны бойынша бағаланады, ол берілген өтемнің және танылмаған бақыланбайтын иелік үлесінің және бұрын сатып алушыға тиесілі болған қатысу үлестерінің қосынды сомасының Топ сатып алған сәйкестендірілетін активтердің және оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан асып кетуі ретінде анықталады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемнің сомасынан асып кетсе, Топ барлық сатып алынған барлық активтердің және қабылданған барлық міндеттемелердің дұрыс анықталғанын, сондай-ақ сатып алу күнінде танылуға тиіс сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған рәсімдерді қайталап талдайды. Егер қайталап талдау жасағаннан кейін берілген өтем сатып алынған таза активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, онда тиімді сатып алудан түскен пайда пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Кейіннен гудвилл құнсызданудан жинақталған залалды шегергендегі бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде алынған гулвиллды құнсыздануы жағынан тексеру мақсатында, Топ еншілес ұйымды сатып алған күннен бастап гудвилл ақша ағындарын жасайтын, бизнестің біріктірілуінен тиімділік алады деп болжанып отырған Топтың әрбір бөлімшесіне үлестіріледі, бұл орайда еншілес ұйымның басқа активтерінің немесе міндеттемелерінің аталған бөлімшелерге жататыны немесе жатпайтыны назарға алынбайды.

Егер гудвилл ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса және бұл бөлімшенің бір бөлігі істен шықса, онда істен шығатын қызметке жататын гудвилл бұл қызметтің істен шығуынан келген пайданы немесе залалды айқындау кезінде оның баланстық құнына кіргізіледі. Бұл жағдайда істен шыққан гудвилл істен шыққан қызметтің құнының және бөлімшенің ақша ағындарын жасайтын қалған бөлігінің құнының арақатынасы негізінде бағаланады.

**Ортақ бақылаудағы бизнесті біріктіру**

Ортақ бақылауда тұрған тараптардан (түпкі бір Акционер бақылайтын ұйымдардан) еншілес ұйымдарды сатып алудың есебі үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Ортақ бақылауда тұрған, алынған еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыстау күніндегі табыстаушы компанияның (бұрынғы меншік иесінің) есептілігіндегі олардың баланстық құны бойынша бейнеленеді. Ұйымның бұрынғы иесі оны бастапқыда сатып алған кезінде пайда болған гудвилл да осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Таза активтердің, соның ішінде бұрынғы меншік иесінің гудвиллының жалпы баланстық құнының және төленген қаражат сомасының арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте капиталдың түзетілуі ретінде есепке алынады.

## 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ

**Осы жылы қабылданған стандарттар мен интерпретациялар**

Есепті жыл ішінде Топ 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген төмендегідей жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

- 3-ші ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер»;
- 16-шы ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі кірістер»;
- 37-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Ауыртпалық салатын шарттар – шартты орындау шығындары»;
- 1-ші ХҚЕС-іне (IFRS) түзету «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданып отырған еншілес ұйым;
- 9-шы ХҚЕС-іне (IFRS) түзету «Қаржы құралдары» – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатқан жағдайда «10% сынақ» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы;
- 41-ші ХБЕС-іне (IAS) түзету «Ауыл шаруашылығы» – әділ құнның бағалау бойынша салық салу.

2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген жаңадан қабылданған стандарттар мен интерпретацияларды қоспағанда, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру кезінде қабылданған есеп қағидаттары 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған Топтың қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ қабылданған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, интерпретацияларды немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

*3-ші ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер»*

Түзетулер ХҚЕС «Тұжырымдамалық негіздерінің» алдыңғы нұсқасына сілтемені стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбей, 2018 жылдың наурыз айында шығарылған ағымдағы нұсқасына сілтememен ауыстырады.

Түзетулер «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» 37-ші ХҚЕС-інің (IFRS) ХҚЕС немесе ХҚЕСТК (IFRIC) «Міндетті төлемдер» 21-ші Түсіндірмесінің қолданылу аясына жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бойынша «2-ші күндегі» ықтимал пайда немесе залалды, егер ол бөлек операциялар шеңберінде туындайтын болса, болдырмау үшін «Бизнесті біріктіру» 3-ші ХҚЕС бойынша тану принципіне ерекшелік қосады. Бұл ерекшелік ұйымдардан Тұжырымдамалық негіздердің ережелерін қолданудың орнына, сәйкесінше, 37-ші ХБЕС (IAS) немесе 21-ші ХҚЕСТК (IFRIC) критерийлерін қолдану арқылы сатып алу күнінде ағымдағы міндеттеменің бар-жоғын анықтауды талап етеді.

Түзетулер сондай-ақ 3 ХҚЕС-қа (IFRS) шартты активтер сатып алу күнінде танылмайтынын түсіндіретін жаңа абзацты қосады.

Өтпелі ережелерге сәйкес Топ түзетулерді перспективалы, яғни ол түзетулерді алғаш қолданып отырған есепті жыл басталғаннан кейін болатын бизнесті біріктіруге түрде қолданады (алғашқы қолдану күні).

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені Топта есепті кезеңде мұндай түзетулердің күші таралатын қандай да бір шартты активтер, міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер пайда болған жоқ.

*16-шы ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі кірістер»*

Түзетулер ұйымдарға негізгі құралдар объектісінің өзіндік құнынан объектіні орналасқан жеріне әкелу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес жұмыс істеуі үшін қажетті күйге келтіру арқылы өндірілген заттарды сатудан түскен кірісті шегеруге тыйым салады. Оның орнына ұйым осы бұйымдарды сатудан түскен кірісті және сол бұйымдарды өндіруге кеткен шығынды пайда немесе шығын құрамында таниды.

## 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

**Осы жылы қабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)**

*16-шы ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі кірістер» (жалғасы)*

Өтпелі ережелерге сәйкес Топ түзетулерді ретроспективті түрде тек ұйым түзетулерді бірінші рет қолданатын қаржылық есептілікте ұсынылған ең ерте кезеңнің басталу күнінен бастап (немесе одан кейін) пайдалануға болатын негізгі құралдар объектілеріне ғана қолданады.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені Топ негізгі құралдарды ең ерте көрсетілген кезеңнің басынан бастап пайдалануға жарамды күйге келтіру процесінде өндірілген бұйымдарды сатқан жоқ.

*37-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Ауыртпалық салатын шарттар – шартты орындау шығындары»*

Ауыртпалық салатын шарт – міндеттемелерді орындаудың болмай қоймайтын шығындары (яғни, Топ шартпен байланысты болғандықтан құтыла алмайтын шығындар) оны орындаудан күтілетін экономикалық пайдадан асып түсетін шарт.

Түзетулерде шарттың ауыртпалық салатын немесе залал әкелетінін бағалау кезінде ұйым осындай шарт бойынша тауарларды немесе қызметтерді өндіруге тікелей қатысты шығынды, соның ішінде қосымша шығындарды (мысалы, тікелей еңбек шығынын және материалдың құнын) және шарт бойынша қызметке тікелей байланысты шығынның бөлінуін (мысалы, шартты орындау үшін пайдаланылатын жабдықтың амортизациясын және шартты орындауды басқару мен қадағалауға кеткен шығын құнын) қосуы қажет деп нақыланады. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес және егер олар шарт бойынша контрагентке тікелей жатқызылмаса, бағалаудан шығарылады.

Топ есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша барлық міндеттемелерді орындамаған шарттарға қатысты түзетулерді қолданады.

Оның ауыртпалық келісімшарттары болмағандықтан, бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

*«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1-ші ХҚЕС (IFRS) – «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданып отырған еншілес ұйым»*

Түзету 1 ХҚЕС (IFRS) D16(a) тармағын қолдануды шешкен еншілес компанияға негізгі ұйымның қаржылық есептілікте танылған сомаларды пайдалана отырып, егер бас компания еншілес ұйымды сатып алған шоғырландыру және бизнесті біріктіру рәсімдеріне орай ешқандай түзетулер болмаса, бас ұйымның ХҚЕС есепке алуға көшу күніне негізделіп валютаны қайта есептеуден жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға мүмкіндік береді. Бұл түзету 1 ХҚЕС (IFRS) D16(a) тармағын қолдану туралы шешім қабылдаған қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылады.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

## 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

**Осы жылы қабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)**

*«Қаржы құралдары» 9-шы ХҚЕС-іне (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатқан жағдайда «10% сынақ» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы*

Түзетуде ұйым жаңа немесе өзгертілген қаржылық міндеттеме шарттарының бастапқы қаржылық міндеттемеден айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғын бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомасы түсіндіріледі. Мұндай сомаларға белгілі бір кредитор мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар, соның ішінде кредитор немесе қарыз алушы екінші тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақы жатады. Соған ұқсас 39-шы ХБЕС (IAS) «Қаржы құралдары: Тану және бағалау» түзетулер ұсынылмаған.

Өтпелі ережелерге сәйкес Топ ол түзетуді алғаш қолданған жылдық есепті кезеңнің басталу күніне немесе одан кейін өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге түзетулерді қолданады (алғашқы қолдану күні). Есепті кезеңде Топтың қаржы құралдарына өзгерістер болмағандықтан, бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

*41-ші ХБЕС-іне (IAS) түзету «Ауыл шаруашылығы» – әділ құнның бағалау бойынша салық салу*

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

**Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – шығарылған, алайда әлі күшіне енбеген**

Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

- 17-ші ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары».
- 1-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу».
- 8-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Бухгалтерлік бағалауды анықтау»;
- 1-ші ХБЕС-ке (IAS) және ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсыныстарға түзетулер – «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету»;
- 12-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық».

*17-ші ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»*

2017 жылдың мамыр айында ХҚЕС Кеңесі 17 ХҚЕС (IFRS) "Сақтандыру шарттары" шығарды, бұл ақпаратты тану және бағалау, ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа кешенді стандарты. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енген кезде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) "Сақтандыру шарттары" орнын баспақ. Шығаратын ұйымның түріне қарамастан 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне қолданылады (яғни. өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу шарттары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына да. Қолдану аясынан бірнеше ерекшеліктері бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін тиімдірек және дәйекті болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады.

## 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

**Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – шығарылған, алайда әлі күшіне енбеген (жалғасы)**

*17-ші ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» (жалғасы)*

Алдыңғы жергілікті есеп саясатына 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарынан негізгі айырмашылығы, 17 ХҚЕС (IFRS) бухгалтерлік есептің барлық тиісті аспектілерін қамтитын сақтандыру келісімшарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынады. 17 ХҚЕС (IFRS) негізінде жалпы модель жатыр, келесу шарттармен толықтырылған:

- Тікелей қатысу шарттары бар сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (ауыспалы сыйақы әдісі);
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйақыны бөлуге негізделген тәсіл) негізінен қысқа мерзімді келісімшарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етіледі. Ұйым 9-шы ХҚЕС (IFRS) және 15-ші ХҚЕС (IFRS) қолданған қолданыста болған жағдайда, 17-ші ХҚЕС (IFRS) алғаш рет қолданған күні немесе оған дейін қолданған жағдайда, әлде қайда мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

*1-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу»*

2020 жылдың қаңтарында ХБЕС жөніндегі Кеңес 1 (IAS) ХҚЕС-тің 69-76-тармақтарына түзетулер енгізді, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу талаптары түсіндіріледі. Түзетулер мынаны түсіндіреді:

- міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығы нені білдіреді;
- міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығы есепті кезеңнің соңында бар болуы керек;
- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығын пайдалану ықтималдығы әсер етпейді;
- конвертацияланатын міндеттемедегі туынды құрал өздігінен үлестік құрал болған жағдайда ғана міндеттеменің шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді

Бұл түзетулер 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті қолданылады. Қазіргі уақытта Топ осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы жіктеліміне тигізуі мүмкін әсерін және қолданыстағы қарыз шарттарының талаптарын қайта қарау қажеттілігін талдауда.

*8-ші ХБЕС-ке (IAS) түзетулер – «Бухгалтерлік бағалауды анықтау»*

2021 жылдың ақпанында ХҚЕС жөніндегі кеңес 8-ші ХБЕС (IAS) қатысты «бухгалтерлік бағалаулар» анықтамасын енгізетін түзетулер шығарды. Түзетулерде бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістердің және қателерді түзетудің арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Бұдан басқа, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды әзірлеу үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай пайдаланатыны түсіндіріледі.

Түзетулер 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және аталған кезең басталған күні немесе одан кейін орын алған есеп саясатындағы және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерге қолданылады. Осы фактінің ашылуы шартымен мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

## 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

***Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – шығарылған, алайда әлі күшіне енбеген (жалғасы)***

*1-ші ХБЕС-ке (IAS) және ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсыныстарға түзетулер – «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету»*

2021 жылдың ақпанында ХҚЕС жөніндегі кеңес 1-ші ХБЕС (IAS) және ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсыныстарға «Маңыздылық туралы пайымды қалыптастыру» деген түзетулерді шығарды, оларда ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету кезінде маңыздылық туралы пайымдауды қолдануға көмектесетін нұсқаулар мен мысалдар қамтылған. Түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы «елеулі ережелерді» ашу туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабымен ауыстыру және ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдағанда олардың маңызыдылық туралы ұғымды қалай қолдануы керектігі туралы нұсқауларды қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуге тиіс.

1-ші ХБЕС (IAS) түзетулері 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға болады. ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсыныстарға түзетулер есеп саясаты туралы ақпаратқа маңыздылық анықтамасын қолдануға қатысты міндетті емес нұсқаулықды қамтитын болғандықтан, бұл түзетулердің күшіне ену күнін көрсету талап етілмейді.

Топ қазіргі уақытта түзетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатымен есеп саясаты туралы ашылатын ақпаратты қарастыруда

*12-ші ХБЕС (IAS) – «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу»*

2021 жылдың мамырында Кеңес 12 ХҚЕС-қа (IFRS) түзетулер шығарды, оған сәйкес 12 ХҚЕС (IFRS) бойынша активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған салықтан босату көлемі қысқартылды. Ол бұдан былай бастапқы тану кезінде шегерілетін және салық салынатын уақыт айырмаларының бірдей сомалары пайда болатын операцияларға қолданылмайды.

Түзетулер ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің басынан туындайтын операцияларға қолданылады. Сонымен қатар, ұсынылған ең ертедегі салыстырмалы кезеңнің басындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активі (салық салынатын жеткілікті пайда болған жағдайда) және кейінге қалдырылған салық міндеттемесі де жалдауға және пайдаланудан шығару міндеттемелерімен байланысты барлық шегерілетін және салық салынатын уақыт айырмалары үшін танылуға тиіс.

Қазіргі уақытта Топ түзетулердің әсерін бағалауда.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Барлау мен бағалау жөніндегі активтер**

*Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстар*

Жер қойнауын пайдалану (барлау мен өндіру) құқықтарын сатып алу бойынша шығыстар қол қойылатын бонустарды, тарихи шығыстарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға міндетті шығындарды қамтиды және барлау мен бағалау кезеңінде кен орны бойынша жер қойнауын пайдалану құқықтары ретінде капиталдандырынады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстардың есебі кен орындары тұрғысында жүргізіледі. Әр кен орны жыл сайын құнсыздануы жағынан қарастырылады. Кен орны бойынша болашақта жұмыстар жүргізу жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқықтары минералды ресурстардың дәлелденген қорларының жалпы сомасына негізделіп, өндірістік әдіс бойынша нақты өндіру бойынша амортизацияланады.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Барлау мен бағалау жөніндегі активтер (жалғасы)**

*Барлау мен бағалау бойынша шығыстар*

Барлау мен бағалау бойынша шығыстар геологиялық және геофизикалық шығындарды; тікелей бұрғылау жұмыстарына жататын шығыстарды; аршу жұмыстарын; нақты кен орнына жатқызуға болатын бағалау бойынша жалпы және әкімшілік және өзге де шығындарды қамтиды. Мұндай шығыстарға еңбекақы, материалдар мен отын, бұрғылау станоктарын жалға алу құны және мердігерлерге жасалатын төлемдер кіреді. Егер минералды ресурстар табылмаса, бұл құнсызданудың айғағы болуы мүмкін.

Барлық капиталдандырылған шығыстарға кем дегенде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеру жүргізілуге тиіс, мұндағы мақсат – коммерциялық игеру немесе ашылған кеннен пайда алудың қандай да бір тәсілін жасау ниетінің бар екенін қуаттау. Басқаша болған жағдайда шығыстар кезеңнің шығындары есебіне жазылады.

Минералды ресурстардың қорлары дәлелденген және игеруді жалғастыру туралы шешім қабылданған жағдайда тиісті шығыстар тау-кен активтерінің құрамына ауыстырылады.

Барлау және бағалау жөніндегі активтер негізгі құралдардың құрамында ескеріледі

**Тау-кен активтері**

*Игеру мен өндіру бойынша шығыстар*

Игеру мен өндіру бойынша шығыстар бұрын капиталға айналдырылған (және игерудің басында жіктеуі өзгертілген) жер қойнауын игеру құқықтарын сатып алу бойынша шығыстарды және барлау мен бағалау бойынша шығыстарды; полигондардың құрылысын салу; кен орындарында минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстарын жасау шығыстарын; кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында болған өзге де шығыстарды; кеніштерді консервациялау және жер телімдерін қалпына келтіру бойынша капиталдандырылған дисконтталған шығыстарды қамтиды. Игеру мен өндіру бойынша шығыстар негізгі құралдардың (тау-кен активтерінің) құрамында капиталдандырылнады, және олардың есебі кен орындары тұрғысында жүргізіледі.

*Тау-кен активтерінің тозуы (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құрамында)*

Тау-кен активтері кен орындарында коммерциялық өндіру басталған кезден бастап нақты өндіру бойынша тозуды есептейтін өндірістік әдісті пайдалану арқылы амортизацияланады. Кен орындарын іске пайдаланудан шығару бойынша дисконтталған шығыстарды қамтитын жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу бойынша шығыстар дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеру бойынша қалған шығыстар дәлелденіп игерілген қорлардың есебіне негізделіп амортизацияланады.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және олар болған жағдайда құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергенде бастапқы құны бойынша есепке алынады. Мұндай құн жабдықтың бөліктерін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары жағдайында, егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Егер белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болса, топ мұндай компоненттерді жеке пайдалы қызмет мерзімі бар жеке активтер ретінде таниды және оларды сәйкесінше амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық байқауды жүргізу кезінде, егер танудың барлық критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құны жабдықты ауыстыру ретінде танылады.

Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық басқа шығындар пайда немесе залал құрамында шеккен сәтінде танылады. Егер болашақ шығыстарды жабуға арналған резервті тану критерийлері сақталса, активті пайдаланғаннан кейін оны шығаруға арналған болжамды шығындардың келтірілген құны тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Негізгі құралдарды пайдаланудың есепті мерзімдеріне сәйкес тозу тікелей әдіспен есептеледі.

.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Негізгі құралдар (жалғасы)**

Негізгі құралдардың пайдалы қызметтің есепті мерзімі төменде келтірілгендей:

| Негізгі құралдардың жіктелуі | Пайдаланылу мерзімі |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 8 – 100 жыл |
| Машиналар, жабдық және көлік құралдары | 2 – 50 жыл |
| Өзгесі | 2 – 20 жыл |

Активтердің сатылуы немесе істен шығуы барысында олардың құны мен жиналған тозуы тиісті есептерден алынып тасталады, ал олардың істен шығуы нәтижесінде пайда болатын барлық табыс немесе залал пайда немесе залал және өзге де жиынтық залал туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Негізгі құралдарды қолданысқа енгізгеннен кейін пайда болған шығындар, мәселен, жөндеу мен қызмет көрсету шығындары, әдетте аталған шығындар орын алған кезеңдегі залалдар есебінде бейнеленеді. Негізгі құралдарды бастапқы бағаланған көрсеткіштерінен (тиімді пайдалану мерзімінің, қуаттылығының ұлғаюы және т.б.) көбірек пайдалану нәтижесінде болашақта күтілетін экономикалық пайданың ұлғаюына әкелетін шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдырылады.

Болжалды пайдалы қызмет мерзімі, жою құны және тозуды есептеу әдісі әрбір жылдың соңында сарапталады және қажет болса түзетіледі

**Жалгерлік**

*Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Топ пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жалгерлік басталған күні (яғни, базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күні) таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жинақталған амортизация және құнсызданудан жинақталған залал шегеріліп, жалгерлік бойынша міндеттемелер, жасалған бастапқы тікелей шығындар және жалгерлік басталған күні немесе ол күнге дейін жасалған жалгерлік төлемдері бойынша түзету жасалып, жалгерлік бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегеріліп, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Егер Топтың жалгерлік мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті дәрежеде сенімі болмаса, онда пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мына кезеңдердің ең қысқасы: активтің пайдалы қолданылуының болжамды мерзімі немесе жалгерлік мерзімі ішінде сызықтық әдіспен амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтерді Топ негізгі құралдардың құрамына кіргізді және құнсыздануы жағынан тексереді.

*Жалгерлік бойынша міндеттемелер*

Жалгерлік басталған күні Топ жалгерлік бойынша міндеттемелерді таниды, олар жалгерлік мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалгерлік төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалгерлік төлемдеріне жалгерлік бойынша алынатын кез келген ынталандыру төлемдері шегеріліп тиянақталған төлемдер (соның ішінде шын мәнінде тиянақталған төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты болатын құбылмалы жалгерлік төлемдері және болжам бойынша тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомалар кіреді. Жалгерлік төлемдеріне сонымен қатар: егер Топ бұл опционды орындайды деген жеткілікті дәрежеде сенімділік болса - сатып алуға опционды орындаудың бағасы кіреді, және егер жалгерлік мерзімі Топтың жалгерлікті тоқтатуға опционды әлеуетті түрде орындайтынын көрсетсе - жалгерлікті тоқтатқаны үшін айыппұл төлемдері кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты емес құбылмалы жалгерлік төлемдері осындай төлемдердің жүзеге асырылуына алып келетін оқиға немесе жағдай бастаталын тиісті кезеңде шығын ретінде танылады.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Жалгерлік (жалғасы)**

*Жалгерлік бойынша міндеттемелер (жалғасы)*

Егер жалгерлік шартында тиянақталған пайыз мөлшерлемесін анықтау оңай болмаса, Топ жалгерлік төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін жалгерлік басталған күні қосымша қарыз қаражатын тартудың мөлшерлемесін пайдаланады. Жалгерлік басталған күннен кейін жалгерлік бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін бейнелеу үшін арттырылады, және жүзеге асырылған жалгерлік төлемдерін бейнелеу үшін азайтылады. Бұдан басқа, жалгерлік түрлендірілген, мерзімі өзгертілген, тиянақталған жалгерлік төлемдері шын мәнінде өзгертілген немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалау өзгерген жағдайда, жалгерлік бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта есептеу жүргізіледі.

*Қысқа мерзімді жалгерлік және құны төмен активтерді жалдау*

Топ өзінің қысқа мерзімді жалгерлік шарттарына (яғни көзделген жалдау мерзімі жалгерлік басталған күні 12 айдан аспайтын және сатып алуға опцион қамтылмаған шарттарына) қысқа мерзімді жалгерлікке қатысты танудан босатуды қолданады. Топ сонымен қатар құны төмен активтерді жалдауға қатысты танудан босатуды құны төмен болып есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданып отыр. Қысқа мерзімді жалгерлік және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалгерлік төлемдері жалгерлік мерзімінің ішінде сызықтық әдіспен шығыс ретінде танылады.

*Мерзімін ұзартуға опционы бар жалгерлік шарттарында жалгерлік мерзімін анықтау кезіндегі елеулі пайымдаулар*

Топ жалгерлік мерзімін жалгерлік мерзімін ұзартуға опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалгерлік кезеңі ретінде анықтайды - бұл орайда оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болуға тиіс, немесе жалгерлікті тоқтатуға опцион көзделген кезеңдермен бірге – бұл орайда оның орындалмайтынына жеткілікті дәрежеде сенімділік болуға тиіс.

Топ осы мерзімін ұзартуға опционды өзінің орындайтынына жеткілікті дережеде сенімділіктің бар-жоғын анықтау үшін пайымдауды қолданады. Бұл орайда ол жалгерлік мерзімін ұзартуға опционды орындауға экономикалық ынталандырудың пайда болуына алып келетін барлық орынды факторларды ескереді. Жалгерлік басталған күннен кейін Топ Топтың бақылауына жататын және оның жалгерлік мерзімін ұзартуға опционды орындау (немесе орындамау) қабілетіне әсер ететін елеулі оқиға туындаған немесе мән-жайлар өзгерген жағдайда (мысалы, бизнес-стратегияның өзгеруі) жалгерлік мерзімін қайталап бағалайды.

**Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар**

Қауымдастырылған ұйым – Топ ұйымның қызметіне айтарлықтай елеулі ықпал ететін ұйым. Елеулі ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына ықпал ету, бірақ бұл саясатты бақыламау не бірлесіп бақылау болып табылады.

Бірлескен кәсіпорын – қызметті бірлесіп бақылауға және таза активтерге құқықтарының бірігіп бақылауға көздейтін бірлескен кәсіпкерлік. Бірлескен бақылау – бұл маңызды қызметке қатысты шешім қабылдау, бақылауды бөлісетін тараптардың бірауыздан келісімін талап еткенде ғана болатын қызметті бақылау.

Елеулі ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас. Топтың оның қауымдасқан ұйымына және бірлескен кәсіпорнына салған инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)**

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция бастапқыда бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны сатып алынған күннен кейін туындайтын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі Топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі.

Пайда немесе залал туралы есеп қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар объектілерінің басқа жиынтық табысының өзгерістері Топтың басқа жиынтық табысының құрамында ұсынылады. Сонымен қатар, егер қауымдастық ұйымының немесе бірлескен кәсіпорынның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс болса, Топ мұндай өзгерістің өз үлесін мойындайды және қажет болған жағдайда меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте осы фактіні ашады. Топтың қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайдалар мен залалдар Топтың қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі бар дәрежеде алынып тасталады.

Қауымдастық ұйымы мен бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе шығынындағы Топтың үлесі операциялық пайда немесе шығын шеңберінен тыс шоғырландырылған кірістер немесе шығындар туралы есепте тікелей берілген. Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірдей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салған инвестициясы бойынша құнсызданудан қосымша шығынды тану қажеттілігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құнсыздануының объективті растауларының болуын белгілейді. Мұндай растаулар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және «қауымдастырылған ұйым мен бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес» бабындағы пайда немесе залал туралы есептегі залалды таниды.

Қауымдастырылған ұйымға айтарлықтай әсер ету немесе бірлескен кәсіпорынды бірлесіп бақылау жоғалған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның елеулі ықпалын жоғалту немесе бірлескен бақылау сәтіндегі баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны мен кетуден түсетін түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

**Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы**

Әрбір есепті кезеңге Топ барлау мен бағалау бойынша активтердің, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың және қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың (бұдан әрі – «ұзақ мерзімді активтер») баланстық құнының құнсыздану белгілерінің бар-жоғына тексеру жүргізеді. Осындай белгілер байқалған жағдайда құнсызданудан болған залал мөлшерін (егер ондай бар болса) айқындау мақсатында тиісті ұзақ мерзімді активтің өтелетін құны есептеледі. Өтелетін құн, сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергенде, активтің әділ құнының немесе пайдалану құнының арасындағы ең үлкені ретінде айқындалады. Пайдаланудың құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындары салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалану жолымен ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Ал бұл, басшылықтың пікірінше, ақшаның уақыттағы құнының ағымдағы нарықтық бағалануын және осы активке тән тәуекелдерді көрсетеді.

Егер активтің өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болып шықса, онда осы активтің баланстық құны өтелетін құнына дейін төмендетіледі. Құнсызданудан болған залал бірден пайда немесе залалдар есебінде көрсетіледі.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Құнсызданудан болған залал кейін қалпына келтірілген жағдайда, активтің баланстық құны оның өтелетін құнын жаңадан бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін артады, бұл орайда оның жаңа баланстық құны, егер осы актив бойынша алдыңғы жылдардағы құнсызданудан болған залал бейнеленбесе, анықталатын баланстық құнынан асып кетпеуге тиіс. Құнсызданудан болған шығынның қалпына келтірілуі пайда немесе залал есебінде бірден көрсетіледі.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залал шегерілгеннен кейін өзіндік құны бойынша есепке алынады. Ұйымдарды бастапқы сатып алған кезде берілген сыйақы сомасы мен сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелердің әділ құны арасындағы айырмашылық ретінде пайда болған материалдық емес активтер осы шоғырландырылған қаржылық есепте жер қойнауын пайдалану құқығының құрамында танылады.

Материалдық емес активтердің амортизациясы тура әдіс бойынша есептеледі және актив пайдалануға дайын болған кезден басталады. Материалдық емес активтер келісімшарт аясындағы немесе басқа құқықтардан келіп шыққан жағдайда немесе олар бөлінетін активтер болса, яғни оларды жеке немесе басқа активтермен бірге сатуға болатын болса, есеп жүргізуге қолайлы деп саналады.

Материалдық емес активтерге жер қойнауын пайдалану құқықтары және өзге де материалдық емес активтер кіреді. Жер қойнауын пайдалану құқықтары кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап нақты кен өндіру бойынша тозуды есептеп жазудың өндірістік әдісін пайдалану арқылы амортизацияланады. Өзге материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтаманың лицензиясы кіреді. Амортизация материалдық емес активтердің есептік 1-10 жыл пайдалы қолданылу мерзімі негізге алынып тура әдіс бойынша есептеледі.

Болжамды пайдалы қызмет мерзімдері, жоюдың құны және амортизацияны есептеу әдісі әр жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

**Дивидендтер**

Дивидендтердің бөлінуі бекітілген және бұдан былай Топтың ұйғаруында болмайтын кезде Топ дивиденд төлеуге қатысты міндеттемені таниды. Тиісті сома меншікті капиталдың құрамында тікелей танылады.

**Қаржы құралдары**

*Бағалаудың негізгі тәсілдемелері*

Хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген және тиімді құралдардан басқа қаржы құралдары келесі санаттарға жіктеледі:

- амортизацияланған құн;
- пайда немесе залал арқылы әділ құн;
- өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құн.

Топтың қаржы құралдарына қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер кіреді, олар төменде көрсетілгендей, амортизациялық құны бойынша бейнеленеді.

*Амортизациялық құн* негізгі борышты шегерілген, бірақ есептелген пайыздар қосылғаннан кейінгі активтің бастапқы құны, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан болған кез келген залалдар есептен шығарылғаннан кейінгі активтің бастапқы құны болып табылады. Есептелген пайыздарға тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы алғашқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле шығындарының амортизацисы, сондай-ақ өтеу сомасына қарай кез келген сыйлықақы немесе дисконт кіреді.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Қаржы құралдары (жалғасы)

*Бағалаудың негізгі тәсілдемелері*

Есептелген пайыздық табыстар және есептелген пайыздық шығындар, соның ішінде есептелген купондық табыс және амортизациялық дисконт немесе сыйлықақы (алғашқы тану кезінде кейінге қалдырылған комиссияны (егер бар болса) қоса алғанда), жеке көрсетілмейді, олар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі активтер мен міндеттемелердің тиісті баптарының баланстық құнына кіргізіледі.

*Тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісі* – бұл әр кезеңде құралдың баланстық құнына тұрақты пайыз мөлшерлемесін (тиімді пайыз мөлшерлемесін) қамтамасыз ету мақсатымен тиісті кезеңнің барысында пайыздық табыстарды немесе пайыздық шығындарды тану әдісі. Тиімді пайыз мөлшерлемесі – бұл болашақтағы есептік ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (кредиттер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) қаржы құралының болжалды қолданылу мерзімінің ішінде немесе, тиісті жағдайларда, неғұрлым қысқа мерзімнің ішінде, қаржы құралының таза баланстық құнына дейін дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісі - мөлшерлемесі құбылмалы құралдар бойынша ақша ағындарын пайыздың келесі өзгеретін күніне дейін дисконттау үшін пайдаланылады, тек бұған сыйлықақы немесе дисконт жатпайды, олар бұл құрал үшін көрсетілген кредит спрэдін құбылмалы мөлшерлеме немесе нарықтық мәніне қарай белгіленбейтін басқа ауыспалы факторлар бойынша бейнелейді. Мұндай сыйлықақы немесе дисконттар құралдың айналымда болуының болжалды мерзімінде амортизацияланады. Дисконтталған құнды есептеуге келісімшарттың тараптары төлеген және алған, тиімді пайыз мөлшерлемесінің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар кіреді.

*Қаржылық активтерді жіктеу*

Топтың қаржылық активтеріне қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді банктік салымдар, бас ұйымға берілген қарыздар (13-ескерту), ақшалай қаражат және оның баламалары (15-ескерту), дебиторлық берешек (12-ескерту) және инвестициялық үлестік және борыштық бағалы қағаздар (10-ескерту) кіреді. Басшылық қаржылық активтердің жіктелімін алғашқы тану кезінде анықтайды. Дебиторлық берешек алғашқы тану кезінде әділ құны бойынша бейнеленеді де, оған мәміле бойынша шығындар қосылады. Кейіннен дебиторлық берешек тиімді пайыз мөлшерлемесін қолдану арқылы амортизациялық құны бойынша бейнеленеді.

### Берілген қарыздар

Берілген қарыздар бастапқыда әділ құны бойынша, ал кейіннен тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып амортизациялық құны бойынша есепке алынады.

### Инвестициялық бағалы қағаздар

Топ борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды бастапқыда әділ құны бойынша, ал кейін тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып амортизациялық құны бойынша есепке алынады.

### Ақшалай қаражат және оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есепте ақшалай қаражат және оның баламалары банктердегі және кассадағы ақшалай қаражатты, құнының болмашы өзгеру тәуекеліне ұшырауы ықтимал және бастапқы өтеу мерзімі үш ай немесе одан аз қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

### Пайдалану жағынан шектелген ақшалай қаражат

Пайдалану жағынан шектелген ақшалай қаражатқа пайдалану жағынан шектелген, арнайы банктік шоттарда орналасқан Топтың ақшалай қаражатын қамтиды.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Қаржы құралдары (жалғасы)

**Дебиторлық берешек**

Дебиторлық берешек Топ жақын арада сатуға ниеттеніп отырғандарынан басқа, белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін тиянақты немесе анықталатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтері болып табылады. Ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктелетін, есепті күннен кейін 12 айдан астам мерзімі бар активтерді қоспағанда, олар қысқа мерзімді активтерге қосылады.

*Қаржылық міндеттемелерді жіктеу*

Топтың қаржылық міндеттемелеріне амортизациялық құны бойынша бейнеленетін қаржылық міндеттемелер кіреді. Топтың қаржылық міндеттемелері алынған қарыздар, кредиторлық және өзге де берешек, еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек, шарттар міндеттемелер, қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер түрінде көрсетілген.

**Алынған қарыздар**

Барлық қарыздар бастапқыда алынған қаражаттың әділ құнымен есепке алынады. Бастапқы танудан кейін қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

**Сауда және басқа кредиторлық берешек**

Топ негізгі қызметі бойынша сауда кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек әділ құны бойынша таниды, кейіннен пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

*Қаржы құралдарын бастапқы тану*

Қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша есепке алынады және оған мәміле бойынша болған шығындар қосылады. Бастапқы тану кезінде әділ құнның ең жақсы растауы мәміленің бағасы болып табылады. Қаржы құралының әділ құны және мәміле бағасының арасында (сол кезде нарықта байқалып отырған, соған ұқсас қаржы құралымен немесе кіретін айнымалы шама ретінде нарықтардың нақты деректері ғана пайдаланылатын бағалау әдісімен жасалатын басқа мәмілелермен расталуы мүмкін болатын) айырмашылық болған жағдайда ғана пайда немесе залал бастапқы тану сәтінде есепке алынады.

*Қаржылық активтерді кейінгі бағалау*

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- жинақталған пайданы немесе залалды кейіннен қайта жіктеумен өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- тануды тоқтату кезінде ұйымның қалауы бойынша жинақталған пайда мен заллады кейіннен қайта жіктеусіз өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық активтер (үлестік құралдар);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

Егер мына екі критерий сақталса, қаржылық актив амортизациялық құны бойынша есепке алынады:

- Бизнес-модельдің мақсаты шарт аясындағы барлық ақша ағындарын алу үшін қаржылық активті ұстап қалу болып табылса; және
- Шарт аясындағы ақша ағындары пайыздық сыйақы және негізгі борыш бойынша төлемдер түрінде ғана болса.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қаржы құралдары (жалғасы)**

*Қаржылық активтерді кейінгі бағалау (жалғасы)*

Бастапқы танылғаннан кейін олар тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін қолдану арқылы амортизациялық құны бойынша бағаланады. Егер дисконттаудың әсері елеулі болмаса, дисконтттау қолданылмауы мүмкін.

Топ борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды бастапқыда әділ құны бойынша, ал кейін тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып амортизациялық құны бойынша бағалайды.

*Қаржылық активтерді тануды тоқтату*

Мына жағдайда Топ қаржылық активтерді тануды тоқтатады, (а) бұл активтер өтелгенде немесе бұл активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың мерзімі өткенде, немесе (б) Топ қаржылық активтерден алынатын ақша ағындарына құқықтарды басқа біреуге бергенде немесе табыстау туралы келісім жасағанда, және осы орайда (i) бұл активтерге иелік етуге байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен тиімділіктерді де табыстаса, немесе (ii) бұл активтерге иелік етуге байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен тиімділіктерді табыстамаса және сақтап та қалмаса, бірақ бұл активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылса. Контрагенттің қарастырылып отырған активті тұтас зат ретінде, сатуға қосымша шектеулер қою қажеттігінсіз тәуелсіз үшінші тарапқа сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаған жағдайда, бақылау құқығы сақталады.

*Амортизациялық құны бойынша бейнеленетін қаржылық активтердің құнсыздануы*

Құнсызданудан болжанатын залалдар кәсіпорынға тиесілі шарт аясындағы барлық ақша ағындарының және ол іс жүзінде алынады деп күтіп отырған ақша ағындарының айырмасы ретінде анықталады («ақшалай қаражаттың тапшылығы»). Бұл айырма бастапқы тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша (немесе сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер бойынша кредитке түзету жасалып тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша) дисконтталады.

Қаржылық активтердің құнсыздануын бағалау жеке, сол сияқты ұжымдық түрде де жүргізілуі мүмкін, және ол кәсіпорынның өзінің кредит тәуекелін қалай басқаратынына негізделген. Егер ұйымның құны үлкен дебиторлық берешегі аздаған мөлшерде болса және бұл дебиторлық берешек шот негізінде (яғни жеке) басқарылса, мұндай жағдайда құнсыздануды резервтер матрицасына негіздеу мақсатқа сай болмауы мүмкін, өйткені мұндай матрицаның жеке дебиторлық берешектің болжалды кредиттік залалдарына сәйкес келуі екіталай.

Кредит залалдарын тану бұдан былай Топтың құнсыздану оқиғасын анықтаған-анықтамағанына тәуелді емес. Оның орнына Топ кредит тәуекелін бағалау және болжалды кредит тәуекелдерін бағалау кезінде анағұрлым кең ақпарат спектрін, соның ішінде құрал бойынша болашақ ақша ағындарының болжалды жиналғыштығына әсерін тигізетін бұрынғы оқиғаларды, ағымдағы жағдайларды, ақылға қонымды және негізделген болжамдарды есепке алады.

Осы перспективалы тәсілдемені қолданғанда мына төмендегілердің аражігі ажыратылады:

- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік қасиеті елеулі түрде нашарламаған немесе кредит тәуекелі төмен қаржы құралдары («1-кезең»);
- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік қасиеті елеулі түрде нашарлаған және кредит тәуекелі төмен болып табылмайтын қаржы құралдары («2-кезең»);
- «3-кезеңде» есепті күні құнсызданудың объективті белгілері бар қаржылық активтер қамтылады.

«12 айлық күтілетін кредит залалдары» бірінші санат үшін танылады, ал «қызмет мерзімі ішінде күтілетін кредит залалдары» екінші санат үшін танылады.

Топ ХҚЕС (IFRS) 9 оңайлатылған моделін дебиторлық берешек бойынша көзделген бүкіл мерзімде болжамды кредит залалдарын тану үшін қолданады, себебі бұл баптардың маңызды қаржыландыру компоненті жоқ. Болжамды кредит шығындарын бағалау кезінде дебиторлық берешек жеке негізде бағаланды.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Қаржы құралдары (жалғасы)

*Амортизациялық құны бойынша бейнеленетін қаржылық активтердің құнсыздануы (жалғасы)*

Ақшалай қаражат пен пайдалану жағынан шектелген ақшалай қаражат үшін күтілетін кредит залалдары 12 айлық кезеңге есептеледі. 12 айлық күтілетін кредит залалдары – есепті күннен кейін 12 ай ішінде пайда болуы мүмкін бүкіл мерзімдегі болжамды кредит залалдарының бөлігі. Дегенмен, активті танығаннан кейін кредит тәуекелінің айтарлықтай артуы бүкіл мерзімдегі болжамды кредит залалдарын қолдануға әкеледі.

Егер амортизациялық құны бойынша есепке алынатын құнсыздандырылған қаржылық активтің шарттары контрагенттегі қаржы қиындықтарына байланысты қайта қаралса немесе өзге жолмен өзгертілсе, құнсыздануды бағалау кезінде шарттар өзгергенге дейінгі бастапқы тиімді пайыз мөлшерлемесі қолданылады.

Үмітсіз активтер активті қалпына келтіру үшін барлық қажетті рәсімдер аяқталғаннан және залалдың сомасы анықталғаннан кейін, құнсыздануға арналған тиісті резервтің есебіне есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомалардың кейіннен қалпына келтірілуі жыл бойынша пайданың немесе залалдың құрамында құнсызданудан болған залалдың есебіне жатқызылады.

### Резервтер

Топтың өтеуі қажет болуы ықтимал, бұрынғы оқиғалардың нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемелері (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) болған жағдайда, резервтер есеп жүргізуде көрсетіледі, және де мұндай міндеттемелердің көлемін айтарлықтай дәл дәрежеде бағалауға болады.

Есеп жүргізуде бейнеленетін болашақ шығындар резервінің шамасы есепті күні бұл міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктер ескеріліп анықталған, міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең дұрыс бағасы болып табылады. Егер болашақ шығындар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағындарының негізінде есептелсе, онда болашақ шығындар резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыт өлшемінде ақша құнының әсері елеулі болса).

### Болашақ кезеңдер шығыны

*Қарызды резервтеу бойынша болашақ кезеңдердің шығыны*

Болашақ кезеңдердің шығынына қаржы институттарынан әлеуетті тиімді шарттармен ақшалай қаражат алу мүмкіндігін беретін активті қамтиды және қаржы институттарына төленетін кредит желісі бойынша қаражатты резервтеу үшін төленген комиссиялардан тұрады. Бұл актив кредит желісін пайдаланған сайын азаяды және кредит желісінің қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

*Сақтандыру бойынша болашақ кезеңдердің шығыны*

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болашақ кезеңдердің шығынына құрылыс және монтаждау тәуекелін, қолданыстағы және өндіріс процесіндегі қондырғылар мен жабдық мүлкіне зиян келтіруді, зиян келтіргені үшін үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті– ұзақ мерзімді 50 айға сақтандыру, сондай-ақ көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру, қызметкерлерді жазатайым жағдайдан міндетті сақтандыру, мүлікті сақтандыру және бағдарламалық жасақтамаларды сатып алу және ақпараттық сайттарға кіруге рұқсатты сатып алу бойынша  болашақ кезеңдердің шығынына жатқызылған қысқа мерзімді -12 ай сақтандыру сомасы кіреді.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Табыстар мен шығындарды тану

*Түсімді тану*

Сатып алушылармен шарттар бойынша алтын құймаларын өткізуден алынған түсім, сатып алушыға тауарларды бақылау құқығы Топ осы тауарларға немесе қызметтерге айырбас алынады деп күтетін өтемді бейнелейтін сомада берілетін жағдайда, - танылады.

Түсімді тану кезінде Топ мынадай қадамдарды жүзеге асырады:

- тұтынушымен арадағы шартты сәйкестендіру;
- шарт шеңберінде орындалуға тиіс міндеттемені сәйкестендіру;
- мәміле бағасын анықтау;
- мәміленің бағасын шарт шеңберінде орындалуға тиіс жеке міндеттемелердің арасында бөлу;
- шарт шеңберінде орындалуға тиіс міндеттеме орындалған сәтте (немесе орындалуына қарай) түсімді тану.

Түсім белгілі бір уақыт мезетінде немесе Топ өзінің клиенттеріне уәделі тауарларды табыстай отырып орындау бойынша міндеттемелерін орындайтын уақыттың ішінде (немесе орындауына қарай) танылады.

Табыстар алынған немесе алынуға тиіс қаражаттың әділ құны бойынша бағаланады. Алынған өтемнің әділ құнын анық бағалау мүмкін болмайтын кезде, табыс берілген тауарлар мен көрсетілген қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

*Шарт бойынша міндеттемелер*

Шарт бойынша міндеттеме – бұл Топ сатып алушыдан өтемін алған (немесе өтемі төленуге тиіс) тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға табыстау міндеті. Егер Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға табыстағанға дейін, сатып алушы оның өтемін ертерек төлесе, онда шарт бойынша міндеттеме төлем жүзеге асырылған сәтте немесе төлем төленуге тиіс болатын сәтте танылады (ненің ертерек болатынына қарай). Топ шарт бойынша өзінің міндеттерін орындайтын жағдайда, шарт бойынша міндеттемелер түсім ретінде танылады.

*Сыйақыдан алынған табыс*

Табыс пайыздарды есептеу кезінде тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісі қолданылып, яғни қаржы құралының айналымда болуының болжалды ұзақтығы кезеңіндегі ақшалай қаражаттың бағдарлы болашақ түсімдерін қаржылық активтің таза баланстық құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме бойынша танылады. Пайыздық табыс пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық табыстар құрамына кіргізіледі.

*Шығындар*

Шығындар тиісті тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер, ақшалай қаражаттың немесе оның баламаларының қашан төленгеніне байланыссыз, іс жүзінде алынған сәтте есепке алынады және шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзінің тиісті кезеңінде көрсетіледі.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Тауарлы-материалдық қорлар**

Топтың тауарлы-материалдық қорларына тауарлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім өндіру және қызмет көрсету барысында пайдалануға арналған шикізат пен материалдар кіреді. Топ қорларды мына шаманың кішісі: өзіндік құны немесе өткізудің ықтимал таза құны бойынша бағалайды.

Тауарлы-материалдық қорлардың өзіндік құнына сатып алуға кеткен барлық нақты шығыстар, өңдеу бойынша шығыстар және тауарлы-материалдық қорларды қазіргі күйіне және ағымдағы орналасқан жеріне жеткізу мақсатында жасалған өзге де шығыстар кіреді. Тауарлы-материалдық қорлар орташа есептелген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Тауарлы-материалдық қорлар мына екі шаманың кішісі: өзіндік құны немесе өткізудің таза құны бойынша есепке алынады. Топ өтімді емес және аз пайдаланылатын тауарлы-материалдық қорлардың құнын өткізудің таза құнына дейін азайтады. Осындай тауарлы-материалдық қорлардың істен шығуынан түсетін өткізудің нақты сомасы өткізудің таза құнынан өзгешеленуі мүмкін. Осындай кез келген айырмашылық болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

**Ағымдағы корпоративтік табыс салығы**

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық активтер мен міндеттемелер салық органдары тарапынан өтеледі немесе салық органдарына төленеді деп топшыланатын сома бойынша бағаланады. Бұл соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табысын алатын елдерде есепті күні қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда танылған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы капиталдың құрамында танылады.

**Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы**

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мақсатында есепті күндегі активтер мен міндеттемелердің салық базасының және олардың ағымдағы құнының арасындағы уақыт айырмаларын айқындау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер салық салынатын барлық уақыт айырмалары бойынша танылады. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық залалдар бойынша, салық салынатын пайданың болу ықтималдығы елеулі болатындай дәрежеде танылады, аталған пайдаға қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық шығындар есепке алынуы мүмкін. Бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміле барысында активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде уақыт айырмасы туындайтын және ол операция жүзеге асырылған сәтте не бухгалтерлік пайдаға, не салық салынатын пайдаға немесе залалға әсер етпейтін жағдайда салықтық активтер мен салықтық міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленбейді.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтердің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қарастырылып, кейінге қалдырылған салықтық активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салынатын жеткілікті пайданың алынуы күмәнді деп бағаланатындай дәрежеде төмендетіледі.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қарастырылып, салық салынатын болашақ пайда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген жоғары ықтималдық туындаған дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер есепті күні заңнамада бекітілген немесе бекітіледі дерлік салық салу мөлшерлемелерін (сол сияқты салық заңнамасының ережелерін) қолдану жолымен есептеледі және салықтық активті іске асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде әрекет етеді деп болжанады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мен активтерді бағалау активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының орнын толтыру немесе өтеу тәсілдеріне қатысты Топтың ниетінің салықтық салдарын бейнелейді (есепті күндегі жағдайы бойынша).

**Қызметкерлер сыйақыларынан аударымдар**

Топ 2022 жылы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес еңбекақыдан және материалдық игіліктерді қоса алғанда, жұмыскерлерге жасалатын өзге төлемдерден бірыңғай 9.5% мөлшерлемесі бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салық төледі (2021 жыл: 9.5%). Әлеуметтік салық сомасының 3.5% мөлшеріндегі бір бөлігі «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ға аударылады (2021 жыл: 3.5%).

2022 жылы Топ еңбекақының және материалдық игіліктерді қоса алғанда, жұмыскерлерге жасалатын өзге төлемдердің 2%-ына дейінгі мөлшерде медициналық сақтандыру бойынша міндетті жарналарды төледі (2021: 2%-ға дейін).

2022 және 2021 жылдары Топ қызметкерлерінің жалақысының 10%-ына дейінгі мөлшерде міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалды және оны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дағы (БЖЗҚ) қызметкерлерінің жеке шоттарына аударды. Топ БЖЗҚ-ға зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына жалақының 5% мөлшерінде міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын қосымша төлейді (2021 жыл: 5%).

БЖЗҚ-ға аударымдардан басқа, Топ еңбекақыдан және материалдық игіліктерді қоса алғанда, жұмыскерлерге жасалатын өзге төлемдерден 10%-ға дейінгі бірыңғай мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын ұстап қалады (2021 жыл: 10%).

**Қосылған құн салығы**

Салық органдары сатылымдар мен сатып алулар бойынша қосылған құн салығы (бұдан әрі – «ҚҚС») бойынша нетто негізде есеп жүргізуге және өтеуге асыруға рұқсат етеді.

*Төленетін ҚҚС*

Өткізу кезінде туындайтын ҚҚС тауарлар жөнелтілген немесе қызметтер көрсетілген кезде салық органдарына төленуге жатады. Сатып алу бойынша ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактура алынған кезде өткізу бойынша ҚҚС-пен есепке алынуға тиіс. Салық заңнамасы бойынша ҚҚС бойынша міндеттемелерді есептеуді және төлеуді таза негізде жүргізуге рұқсат етіледі. Сәйкесінше, қаржылық жағдай туралы есеп жасалған күні есепке жатқызылмаған өткізу және сатып алу операциялары бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте таза негізде танылды.

Сонымен қатар, есепті күні есеп айырысу үдерісі аяқталмаған сатылымдарға жататын ҚҚС төленуге тиіс ҚҚС-тің сомасына кіргізіледі. Күмәнді берешек бойынша резерв қалыптастырылған жағдайларда, құнсызданудан болған залал берешектің бүкіл сомасы, соның ішінде ҚҚС бойынша есепке алынады. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешек есептен шығарылғанға дейін есептілікте бейнеленеді. Төленетін ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте төленетін салықтар деген бапқа кіргізілді.

## 4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қосылған құн салығы (жалғасы)**

*Өтелетін ҚҚС*

Өтелетін ҚҚС есепті күнгі жағдай бойынша төленбеген сатып алуларға жатқызылады. Өтелетін ҚҚС сатылымдарға жатқызылатын ҚҚС бойынша, сатып алу үшін төлем жасалуына қарай берешек сомасына қарсы есепке алу арқылы қайтарылуға тиіс. Өтелетін ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өтелетін салықтар бабында көрсетілген.

**Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленбейді, бірақ олар экономикалық тиімділіктің ағылып келуі ықтимал болғанда қаржылық есептілікте ашылуға тиіс.

Шартты міндеттемелер тек осындай міндеттемелерді өтеуге байланысты көлемін жеткілікті дәрежеде дәл анықтауға болатын ресурстардың істен шығуы қажет етілуі ықтимал болатын жағдайда ғана шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленеді.

**Есепті күннен кейінгі оқиғалар**

Жыл аяқталғаннан кейін болған және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп дайындалған күні Топтың жағдайы туралы қосымша ақпарат беретін оқиғалар (түзету оқиғалары) шоғырландырылған қаржылық есептілікте бейнеленеді. Жыл аяқталғаннан кейін болған және түзету оқиғалары болып табылмайтын оқиғалар, тек егер олар маңызды болса, ескертулерде ашылып көрсетіледі.

**Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар**

«Байланысқан тараптар туралы ақпаратты ашу» 24-ші ХБЕС (IAS) бойынша, Топ байланысқан тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатын, сондай-ақ бұл қарым-қатынастың шоғырландырылған қаржылық есептілікке тигізетін әлеуетті әсерін түсіну үшін қажетті бұл операциялар мен өзара есеп айырысудың өтелмеген қалдықтары туралы ақпаратты ашады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте байланысқан тараптар болып басқа тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе оларға елеулі түрде әсер етуге мүмкіндігі бар тараптар саналады. Тараптардың байланысқан болып табылатын-табылмайтыны туралы мәселені шешкен кезде тараптардың өзара қарым-қатынасының заңдық нысаны ғана емес, оның мазмұны да назарға алынады.

## 5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-қа сәйкес дайындауда Топ басшылығының пайымдамалар дайындауы және активтер мен міндеттемелердің есепке алынған сомаларына әсерін тигізетін субъективті бағалаулар мен болжамдарды пайдалануы және шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепті күнге қарайғы әлеуетті активтер мен міндеттемелердің және есепті кезеңдегі табыстар мен шығындардың ескерілген сомалары туралы ақпаратты ашып көрсетуі қарастырылады. Бағалаудың тарихи білім мен басқа да елеулі факторларға негізделетініне қарамастан, оқиғалар немесе іс-әрекеттер басқаша болып, соның нәтижесінде нақты нәтижелер бұл пайымдаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Келесі қаржылық жылда активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына материалдық түзету жасалудың елеулі қатері бар белгісіздікті есепті күндегі бағалаудың болашақ және басқа да негізгі көздері бойынша негізгі жорамалдар төменде талқыланады:

## 5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ (ЖАЛҒАСЫ)

*Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы*

Әрбір есепті күнге Топ ұзақ мерзімді активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар-жоғын анықтау үшін тексеру жүргізеді.

Құнсыздану ағымдағы бәсекелестік орта, саланың күтулу өсуіндегі өзгеріс, болашақта қаржыландырудың қолжетімді болуындағы өзгеріс, технологиялық тұрғыдан ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, орнын алмастыруға кететін ағымдағы шығыстар және елеулі құнсызданудың бар екенін айғақтайтын басқа да жағдаят өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Осындай индикаторлар бар болған жағдайда активтердің өтелетін құны бағаланып, активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын жағдайда құнсыздану бар деп танылады. Өтелетін құн екі мәннің ең үлкені: сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергендегі активтердің әділ құны немесе пайдалану құны болып анықталады. Пайдаланудың құнын бағалау кезінде есептік болашақ ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалану жолымен олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады, ал ол, басшылықтың ойынша, ақшаның уақыттағы құнының ағымдағы нарықтық бағалануын, активтерге тән тәуекелдерді бейнелейді. Бағаланып отырған өтелетін құндағы өзгеріс оның құнсыздануына немесе болашақ кезеңдерде қалпына келтірілуіне алып келуі мүмкін.

Топтың қаржылық емес активтеріне негізінен негізгі құралдар, соның ішінде тау-кен активтері, материалдық емес активтер және барлау мен бағалау бойынша активтер, еншілес ұйымдарға және қауымдастырылған ұйымдарға салынған инвестициялар кіреді.

2022 жылы құнсыздануға талдау нәтижелері бойынша қаржылық емес активтердің құнсыздануынан жалпы сомасы 13,296,000 мың теңгеге залал танылды (24-Ескертпе). 2021 жыл ішінде Топ құнсыздану индикаторларының бар-жоғы бойынша еншілес ұйымдардың активтеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізді. Осы талдау нәтижелері бойынша құнсыздануға арналған резервті құрудың қажет еместігі анықталды және жеке активтер бойынша жалпы сомасы 6,565,862 мың теңгеге бұрын танылған құнсызданудың қалпына келтірілуі танылды (24-ескерту).

*«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ*

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ еншілес кәсіпорны таза активтерін пайдалану құнын бағалау кезінде Топ басшылығы келесі негізгі жорамалдарды қолданды:

- дисконттау мөлшерлемесі (меншікті капиталдың құны) жылдық 11.84% мөлшерінде;
- фабриканы іске қосуы 2024 жылға жоспарланып отыр, 2025 жылы жобалық қуаттылығы 4,000 мың тоннаға жетеді;
- жобаны іске асыру мерзімі 2050 жылға дейін;
- мырыштың болжамды бағасы тоннасына 2,796 АҚШ долларын құрайды және болжамды кезең ішінде индекстеледі.

## 5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ (ЖАЛҒАСЫ)

*Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы (жалғасы)*

*«Алайғыр» БК» ЖШС*

«Алайғыр» БК» ЖШС-гі инвестициялардың құнсыздануын бағалау кезінде Компания «Алайғыр» БК» ЖШС таза активтерін пайдалану құндылығын бағалауды жүргізді, онда келесі негізгі долбарлар қолданылды:

- дисконттау мөлшерлемесі (меншікті капиталдың құны) жылдық 11.84%;
- жобалық қуаттылығы 900 мың тонна фабриканы іске қосуы 2024 жылға жоспарланып отыр;
- жобаны іске асыру кезеңі 2038 жылға дейін;
- қорғасын-күміс рудасының болжамды бағасы тоннасына 2,240 АҚШ долларын құрайды және болжамды кезеңде индекстеледі.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «Алайғыр» БК» ЖШС-нің қаржылық емес активтерінің құнсыздануынан 13,296,000 мың теңге сомаға шығынның мойындады (6, 7 және 24-ескертпелер).

*«Tau-Ken Temir» ЖШС*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Tau-Ken Temir» ЖШС таза активтерінің баланстық құны 36-шы ХҚЕС (IFRS) сәйкес шығу шығындарын шегергендегі активтің өтелетін құнынан аспады.

2021 жылғы 1 желтоқсанда «Tau-Ken Temir» ЖШС тәуелсіз бағалаушыны тарта отырып, жылжымалы және жылжымайтын мүліктің, қорлардың әділ құнына бағалау жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша, сондай-ақ сыртқы және ішкі факторларды назарға ала отырып, Топ басшылығы «Tau-Ken Temir» ЖШС-гі ұзақ мерзімді активтер бойынша резервті 6,498,645 мың теңгеге азайтты (6 және 24 ескерту).

*Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдері*

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімдерін әр жылдың есепті кезеңінің соңына қарай қарастырады. Активтің пайдалы қызмет мерзімінің бағалануы мынадай факторларға: экономикалық тұрғыдан пайдалануға, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі бағдарламаларға, технологиялық жақсартуларға және өзге де іскерлік жағдайларға байланысты. Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімдеріне басшылықтың берген бағасы осы шоғырландырылған қаржылық есептілік күнінде қолда бар тиісті ақпаратты бейнелейді.

*Ескірген және өтімді емес тауарлы-материалдық қорлардың құнын азайту*

Тауарлы-материалдық қорлар мына екі шаманың кішісі бойынша есепке алынады: өзіндік құны немесе өткізудің таза құны бойынша. Егер өтімді емес және аз пайдаланылатын тауарлы-материалдық қорлардың құны өзіндік құнынан аспаса, Топ оны өткізудің таза құнына дейін азайтады. Осындай тауарлы-материалдық қорлардың істен шығуынан түсетін өткізудің нақты сомасы өткізудің таза құнынан өзгешеленуі мүмкін. Осындай кез келген айырмашылық болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

*Салықтандыру*

Әр түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазыла бермейді. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары арасында пікір қайшылығы болатын жағдайлар кездеседі. Бұл орайда, салық органдары қосымша салықтарды есептеген жағдайда айыппұл мен өсімпұлдың қолданыстағы мөлшерлері елеулі көлемде белгіленген: айыппұл көлемі қоса есептелген салықтың 50%-ын құрайды, ал өсімпұлдың мөлшері уақтылы төленбеген салық сомасы бойынша есептегенде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлемесінің 1.25-ына тең. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар қоса есептелген салықтар сомасынан айтарлықтай асып кетуі мүмкін.

## 5. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУ (ЖАЛҒАСЫ)

*Салық салу (жалғасы)*

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке орай, салықтардың, айыпұл санкциялары мен өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер тап осындай қоса есептеу жасалса, қазіргі уақытқа дейін шығынға жатқызылған және есепті күні қоса есептелген сомалардан айтарлықтай асып кетуі мүмкін. Бағалаулар мен нақты төленген сомалардың арасындағы айырмашылықтар, егер ондайлар туындаса, болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсерін тигізуі мүмкін. Топ басшылығы 2022 және 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша салықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық көлемде есептелді және төленді деп санайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері, бұл активтер соған қарсы есепке жатқызылуы ықтимал болатын, салық салынатын пайданың алынуы мүмкін болатын шамада танылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін Топ салық салынатын болашақ пайданың алынуы мүмкін мерзімдеріне және көлеміне, сондай-ақ салықты жоспарлау стратегиясына қатысты елеулі пайымдарды қолданады

*Жер телімін қалпына келтіру бойынша резерв*

Топ кен орнындағы болашақ жоюдың құнына заңнама және салалық тәжірибе бойынша талап етілетін, күтілетін тарату әдісін және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру дәрежесін ескергеннен кейін ішкі немесе сыртқы мамандардан алынған бағалаулардың негізінде баға береді.

Жер телімін қалпына келтіру бойынша резервтің сомасы күтілетін инфляция деңгейіне орай түзетілген және ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялардың табыстылығынан дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін қажет етіледі деп болжанып отырған бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Жер телімін қалпына келтіру бойынша резерв «Негізгі құралдар нысанын істен шығару, ол алып жатқан телімдегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелердегі және соған ұқсас өзге де міндеттемелердегі өзгерістер» атты 1-пайымдама бойынша әр есептік күні қайта қаралады және ең жақсы бағалауды көрсету үшін түзетіледі. Жабуға арналған болашақ шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған елеулі бағалаулар мен пайымдаулар пайдаланылды. Бұл бағалау кезінде пайдаланылған елеулі пайымдауларға дисконттау мөлшерлемесін және ақшалай қаражат ағындарының уақытта бөлінуін бағалау кіреді.

Топ басшылығының пікірінше, ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялардың табыстылық мөлшерлемесі қолданылатын дисконттау мөлшерлемесінің ең жақсы бағасы болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесі басшылық болашақта кен орнындағы жер телімдерін қалпына келтіруге жұмсалады деп болжап отырған атаулы сомаға қатысты қолданылуға тиіс. Топ болашақ таратудың құнын бағалау кезінде ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орташа мәнін пайдаланады.

ҚР Ұлттық банкі болжайтын, есептеуде пайдаланылған Қазақстан Республикасындағы инфляцияның ұзақ мерзімді мөлшерлемесі жылдық 13% - 15% ауқымында өзгеріп тұрады, және 2022 жылғы 32 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі жылдық 9.89% құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: сәйкесінше, 4% - 6% және 9.21%).

## 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

| Мың теңге | Жер | Тау-кен активтері | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар мен жабдық | Көлік құралдары | Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | | | | | | |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | **229,653** | **26,427,838** | **12,030,928** | **8,488,283** | **5,814,826** | **421,933** | **1,923,796** | **22,660,932** | **77,998,189** |
| Түсімдер | – | 10,639,175 | 3,021 | 151,101 | – | – | 80,324 | 6,562,449 | **17,436,070** |
| Есепке алу бағалауындағы өзгерістер | – | (18,391) | (2,134) | – | – | (5,431) | – | – | **(25,956)** |
| Ішкі орын ауыстырулар | – | 16,114 | 2,658,232 | (8,044) | – | – | (899) | (2,665,403) | – |
| Тауарлы-материалдық қорлардан ауыстыру | – | – | – | – | – | – | – | 239,856 | **239,856** |
| Құнсызданууды қалпына келтіру | 369,316 | – | 1,658,763 | 4,372,367 | – | – | 19,452 | 78,747 | **6,498,645** |
| Істен шығу | – | (949,126) | (10,095) | (27,513) | – | – | (50,005) | (30,835) | **(1,067,574)** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | **598,969** | **36,115,610** | **16,338,715** | **12,976,194** | **5,814,826** | **416,502** | **1,972,668** | **26,845,746** | **101,079,230** |
| Түсімдер | – | 7,924,336 | 807,389 | 238,789 | – | – | 195,757 | 8,409,088 | 17,575,359 |
| Есепке алу бағалауындағы өзгерістер | – | (54,774) | – | – | – | – | – | – | (54,774) |
| Ішкі орын ауыстырулар | – | – | 187,989 | 344,635 | 17,620 | – | 24,016 | (574,260) | – |
| Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестицияларға аударымдар | – | (206,316) | – | – | – | – | – | – | (206,316) |
| Құнсыздану | – | (4,527,896) | (3,447,758) | (108,161) | (18,451) | – | (8,611) | (5,184,818) | (13,295,695) |
| Істен шығу | – | (4,444,239) | (132,225) | (3,577) | – | – | (15,078) | – | (4,595,119) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **598,969** | **34,806,721** | **13,754,110** | **13,447,880** | **5,813,995** | **416,502** | **2,168,752** | **29,495,756** | **100,502,685** |
| | | | | | | | | | |
| **Жинақталған тозу** | | | | | | | | | |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | – | – | **(2,037,500)** | **(4,798,124)** | **(2,112,378)** | **(165,478)** | **(942,602)** | – | **(10,056,082)** |
| Жыл ішінде есептелді | – | – | (642,274) | (594,444) | (749,931) | (81,412) | (209,231) | – | **(2,277,292)** |
| Істен шығу | – | – | 85 | 16,621 | – | | 7,207 | – | **23,913** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | – | – | **(2,679,689)** | **(5,375,947)** | **(2,862,309)** | **(246,890)** | **(1,144,626)** | – | **(12,309,461)** |
| Жыл ішінде есептелді | – | – | (719,518) | (510,112) | (591,808) | (81,412) | (186,183) | – | **(2,089,033)** |
| Істен шығу | – | – | 8,780 | 577 | | | 12,981 | – | **22,338** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **–** | **–** | **(3,390,427)** | **(5,885,482)** | **(3,454,117)** | **(328,302)** | **(1,317,828)** | **–** | **(14,376,156)** |
| | | | | | | | | | |
| **Баланстық құны:** | | | | | | | | | |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | **598,969** | **36,115,610** | **13,659,026** | **7,600,247** | **2,952,517** | **169,612** | **828,042** | **26,845,746** | **88,769,769** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **598,969** | **34,806,721** | **10,363,683** | **7,562,398** | **2,359,878** | **88,200** | **850,924** | **29,495,756** | **86,126,529** |

## 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

Аяқталмаған құрылысқа және тау-кен активтеріне түсімдер кен орындарын игеруге және фабрика салуға, Топтың кен орындарын барлауға арналған жобалық жұмыстарға, геологиялық және геофизикалық зерттеулерге арналған капиталдандырылған шығын, кеніштерді бұрғылауға арналған шығын, кеніштi жоюға, учаскені қалпына келтіру мен рекультивациялау бойынша болжамды болашақтағы шығындар және негізгі қорлардың капиталдандырылған амортизациясы болып табылады.

2022 жыл бойынша есептелген тозудың жалпы сомасынан сатылған өнімнің өзіндік құнының құрамына (21-ескерту) сомасы 325,845 мың теңге тозу (2021 жыл: 269,252 мың теңге), ал жалпы және әкімшілік шығындар құрамына (22-ескерту) сомасы 108,906 мың теңге тозу кіргізілген (2021 жыл: 109,662 мың теңге).

2022 жылы алынған қарыздар бойынша капиталдандырылған қаржылық шығындар сомасы 1,445,472 мың теңгені құрады (2021 жыл: 142,658 мың теңге). 2022 жылы қарыздар бойынша қаржы институттарынан алынған қарыздардың шарттарында негізделген шығындар сомасын анықтау үшін пайдаланылатын орташа өлшемделген мөлшерлеме 6.49% құрады (2021 жыл: 4.97%).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құны 1,090,835 мың теңге белгіленген негізгі құралдар Қазақстан Халық жинақ банкіден алынған қарыз бойынша кепілге салынды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 3,019,760 мың теңге ЕАДБ-дан алынған қарыз) (18-ескерту).

2022 жылы топ негізгі құралдардың құнсыздануынан 13,295,695 мың теңге сомаға шығынды мойындады (2021 жыл: еншілес ұйымның негізгі құралдарының құнсыздануынан 6,498,645 мың теңге) (5 және 24-ескертпелер).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны 2,314,517 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1,840,250 мың теңге).

## 7. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

| Мың теңге | Жер қойнауын пайдалану құқықтары | Өзгесі | **Барлығы** |
|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны:** | | | |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | **46,710,041** | **411,275** | **47,121,316** |
| Түсімдер | – | 124,749 | **124,749** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | **46,710,041** | **536,024** | **47,246,065** |
| Түсімдер | – | **40,013** | **40,013** |
| Құнсыздану | – | **(305)** | **(305)** |
| Істен шығу | – | **(1,596)** | **(1,596)** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **46,710,041** | **574,136** | **47,284,177** |
| | | | |
| **Жинақталған амортизация:** | | | |
| **2020 жылғы 31 желтоқсанда** | – | **(217,180)** | **(217,180)** |
| Жыл ішінде есептелді | – | (58,135) | **(58,135)** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | – | **(275,315)** | **(275,315)** |
| Жыл ішінде есептелді | – | **(81,956)** | **(81,956)** |
| Істен шығу | – | **1,509** | **1,509** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | – | **(355,762)** | **(355,762)** |
| | | | |
| **Баланстық құны:** | | | |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | 46,710,041 | 260,709 | **46,970,750** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **46,710,041** | **218,374** | **46,928,415** |

## 7. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2022 жыл бойынша материалдық емес активтердің жалпы амортизациясының жалпы сомасынан жалпы және әкімшілік шығындардың құрамына 19,100 мың теңге сомасындағы амортизация кіргізілді (2021 жыл: 42,858 мың теңге) (22-ескерту).

Жер қойнауын пайдалану құқықтары «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ және «Солтүстік Қатпар» ЖШС сатып алу нәтижесінде пайда болып, танылған материалдық емес активтер болып табылады және Шалқия мен Солтүстік Қатпар кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалану құқығынан тұрады. 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың материалдық емес активтері қамтамасыз ету ретінде кепілге салынбаған.

## 8. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | | 2021 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|
| | **Үлес** | **Сома** | Үлес | Сома |
| «Қазцинк» ЖШС | **29.8221%** | **491,845,662** | 29.8221% | 548,878,615 |
| Басқасы | | **205,036** | 20% | 181,656 |
| **Барлығы** | | **492,050,698** | | **549,060,271** |

| Компания | Негізгі қызметі | Негізгі қызметін жүзеге асыратын және орналасқан елі | Компания мен ұйым арасындағы қатынастың сипаттамасы және оның Компания үшін стратегиялық маңызы бар ма | Инвестициялардың әділ құны (егер инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынса, инвестицияның нарықтық белгіленген құны бар болған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|
| «Қазцинк» ЖШС | Металл кендерін өндіру және өңдеу, тазартылған металдарды шығару | Қазақстан Республикасы | Ұйым Компания Акционері үшін стратегиялық маңызды болып табылады | Бағасы белгіленбейді |

«Қазцинк» ЖШС-ге салынған инвестициялардағы өзгерістер төмендегідей көрсетілген:

| Мың теңге | |
|---|---|
| **2021 жылғы 1 қаңтарда** | **531,590,820** |
| Алынған дивидендтер | (63,273,551) |
| Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлес | 66,996,483 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | 13,564,863 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанда** | **548,878,615** |
| Алынған дивидендтер | **(88,819,162)** |
| Қауымдастырылған ұйымның залалындағы үлес | **(6,527,955)** |
| Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | **38,314,164** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **491,845,662** |

*«Қазцинк» ЖШС*

«Қазцинк» ЖШС (бұдан әрі – Қазцинк) қатысушыларының жалпы жиналысының 2022 жылғы 31 наурыздағы шешіміне сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша алынған Қазцинк таза табысының бөлу тәртібі бекітілді. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Қазцинк қатысушыларына жарияланған және төленген дивидендтердің жалпы сомасы 650,000,000 АҚШ долларын құрады, оның ішінде 193,843,000 АҚШ доллары (88,819,162 мың теңгеге балама) үлестірілді және Топқа ақшалай төленді.

Казцинк қатысушыларының жалпы жиналысының 2021 жылғы 31 наурыздағы шешіміне сәйкес, Казцинктің 2020 жылғы қорытындысы бойынша алынған таза табысын бөлу тәртібі бекітілді. 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде «Казцинк» ЖШС қатысушыларына жарияланған және төленген дивидендтердің жалпы сомасы 500,000,000 АҚШ долларын құрады, оның 149,110,000 АҚШ доллары (63,273,551 мың теңгеге балама) Топқа бөлініп үлестрілді және ақшалай төленді.

*Басқасы*

2022 жыл ішінде Топ басқа қауымдастырылған ұйымдар бойынша 1,330 мың теңге (2021 жыл: 26 мың теңге мөлшеріндегі пайда) мөлшеріндегі пайданың үлесін мойындады.

## 8. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Төменде қауымдастырылған компания туралы жалпыланған қаржылық ақпарат, сондай-ақ бұл ақпаратты Казцинктің шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі инвестицияның баланстық құнымен салыстырудың нәтижесі көрсетілген:

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қысқа мерзімді активтер | **797,108,484** | 848,662,257 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1,383,099,221** | 1,487,329,855 |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер | **(312,897,850)** | (193,194,867) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(218,044,169)** | (302,287,640) |
| **Капитал** | **1,649,265,686** | **1,840,509,605** |
| **Казцинкке жұмсалған инвестицияның баланстық құны** | **491,845,662** | **548,878,615** |

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Түсім | **1,632,250,551** | 1,484,652,053 |
| Таза (залал)/пайда | **(21,889,291)** | 224,655,743 |
| **Жыл ішіндегі таза (залалындағы)/ пайдадағы Топтың үлесі** | **(6,527,955)** | **66,996,483** |

## 9. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Тауарлы-материалдық қорлардың құрамына кіреді:

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Аяқталмаған өндіріс | **13,281,761** | 13,670,542 |
| Шикізат пен материалдар | **3,575,565** | 3,651,569 |
| Дайын өнім | **1,580,948** | 394,480 |
| Тауарлар | **4,481** | 3,772 |
| Минус: ТМҚ-ын таза құнына келтіру бойынша резерв | **(226,725)** | (230,733) |
| | **18,216,030** | **17,489,630** |
| Ұзақ мерзімді бөлігі | **3,573,670** | 3,567,469 |
| Қысқа мерзімді бөлігі | **14,642,360** | 13,922,161 |
| **Барлығы** | **18,216,030** | **17,489,630** |

Дайын өнім негізінен аффинаждалған алтын мен күміс құймаларынан тұрады. Аяқталмаған өндіріске негізінен алтын мен күмістің жартылай фабрикаты және алтын мен күмістің электролиті кіреді.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтердің құрамына 3,573,670 мың теңге сомасындағы тауарлы-материалдық қорлар кіреді, оларды Топ болашақта өндіріс пен өңдеу басталғаннан кейін дайын өнім өндірісіне пайдалануды жоспарлап отыр (2021 жылғы 31 желтоқсан: 3,567,469 мың теңге).

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы тауарлы-материалдық қорлар резервіндегі өзгеріс келесідей көрсетілген:

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **230,733** | 839,333 |
| Қалпына келтірілді | **(4,008)** | (608,600) |
| **31 желтоқсанда** | **226,725** | **230,733** |

## 10. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Борыштық бағалы қағаздар** - «First Heartland Jýsan Bank» АҚ облигациялары: | | |
| Атаулы құны | **10,604,910** | 10,604,910 |
| Алынатын сыйақы | **2,177** | 2,149 |
| Дисконт | **(6,997,063)** | (7,326,578) |
| Минус: болжалды кредит залалдарына арналған резерв | **(221,150)** | (200,206) |
| | **3,388,874** | **3,080,275** |

## 10. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (ЖАЛҒАСЫ)

«First Heartland Jysan Bank» АҚ облигацияларының атаулы пайыз мөлшерлемесі жылдық 0.1% және өтеу мерзімі 2034 жылғы 15 қаңтарға келеді. 2019 жылы Акционердің шешімімен Топтың осы облигацияларды нарықтық шамадан төмен мөлшерлememен сатып алуына байланысты жаңа қаржы құралы 10.97% нарықтық мөлшерлememен танылды. Нәтижесінде, 2019 жылғы қаңтарда шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте пайдаға кейінге қалдырылған корпоративтік пайда салығын шегеріп тастағандағы үлестірілмеген пайданың құрамында дисконт танылды. 2022 жылға дисконт амортизациясы 329,515 мың теңгені құрады (2021 жыл: 297,382 мың теңге).

## 11. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар | **29,263,844** | 13,150,570 |
| Өтелетін салықтар, корпоративтік табыс салығынан басқа | **8,495,434** | 7,041,589 |
| Болашақ кезең шығындары | **3,476,847** | 4,751,976 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | **6,681** | 7,287 |
| Минус: құнсыздану бойынша резерв | **(2,697,787)** | (1,877,034) |
| | **38,545,019** | **23,074,388** |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар Алайғыр кен орнының жобалық-сметалық құжаттамасын, инфрақұрылым объектілерін, қалдық қоймасын және полиметалл рудаларын әзірлеу бойынша толық аяқтап дайындалған кешенді жұмыстарды сатып алу; жабдықты жеткізу, объектілерді іске қосу-баптау және пайдалануға беру бойынша жұмыстарды орындау, инженерлік жұмыстар мен технологиялық жабдықты жеткізу мен шеф-монтаждау жұмыстары және Шалқия кенішінде жобаны басқару мен техникалық қадағалау бойынша консультациялық қызметтер үшін мердігерлерге төленген аванстар болып табылады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болашақ кезеңдердің шығынына еншілес ұйым алған қарызды резервтеу үшін комиссия мен сыйақы және сақтандыру бойынша болашақ кезеңдердің шығыны кіреді.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы басқа ұзақ мерзімді активтер бойынша резервтің өзгеруі келесідей көрсетілген:

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **1,877,034** | 1,186,066 |
| Есептеу | **820,753** | 690,968 |
| **31 желтоқсанда** | **2,697,787** | **1,877,034** |

## 12. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дебиторлық берешегі | **8,460,917** | 6,492,238 |
| Бөтен ұйымдардың дебиторлық берешегі | **973,862** | 152,676 |
| Байланысты ұйымдардың дебиторлық берешегі | **37** | 37 |
| Минус: болжамды кредит залалдары бойынша резерв | **(81,224)** | (95,254) |
| | **9,353,592** | **6,549,697** |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР Үкіметімен байланысты ұйымдардың дебиторлық берешегі жалпы бақылаудағы ұйым Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Топтан сатып алған алтын құймалар үшін 8,460,917 мың теңге мөлшеріндегі берешегінен тұрады (2021 жылы: 6,492,238 мың тең) (20 және 28-ескертулер). Топ осы дебиторлық берешек бойынша болжамды кредит залалдарына резервті есептемеді, өйткені бұл өнімді сату сомасын төлеу мерзімі 30 күннен аспайды.

## 12. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (ЖАЛҒАСЫ)

2021 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша болжалды кредит залалдарына арналған резервтегі өзгеріс төмендегідей көрсетілген:

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **95,254** | 241,564 |
| Қалпына келтірілді | **(14,030)** | (146,310) |
| **31 желтоқсанда** | **81,224** | **95,254** |

## 13. БАС ҰЙЫМҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗ

| Мың теңге | Ескерту | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Самұрық-Қазына | 28 | **16,567,011** | 18,442,396 |
| Минус: болжамды кредит залалдары бойынша резерв | | **(30,136)** | (135,478) |
| | | **16,536,875** | **18,306,918** |

Бас ұйымға берілген кредит залалдары бойынша резервтегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **135,478** | 135,478 |
| Қалпына келтірілді | **(105,342)** | – |
| **31 желтоқсанда** | **30,136** | **135,478** |

2021 жылдың желтоқсан айының соңында Бас ұйым өтеу мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсанда болатын 18,442,396 мың теңге сомасында уақытша пайызсыз қаржылық көмек алды. Бас ұйымға берілген қарыздың қысқа мерзімді сипатына байланысты Топ әділ құнға дейін түзетуді таныған жоқ. 2021 жыл ішінде Топ 10.71% дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, 1,686,303 мың теңге сомасындағы үлестірілмеген пайда арқылы әділ құнға келтіруге дейін түзетуді капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте меншік иелерімен операциялар ретінде таныды және Бас ұйым қарызды толық өтегендіктен Топ Бас ұйымға берілген қарыз бойынша дисконттың барлық сомасына амортизацияны қаржылық табыстар құрамында көрсетті (23-ескерту).

2022 жылдың желтоқсанында Топ қаржылық көмек мерзімін 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту туралы қосымша келісім шартқа отырды. 2022 жылы оп 11.32% нарықтық мөлшерлемені пайдалана отырып, 3,603,726 мың теңге сомасына капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте иелерімен операция ретінде бөлінбеген пайда құрамында оны әділ құнға келтіру үшін осы қаржылық көмектің мерзімін ұзартуға байланысты түзетуді мойындады және 1,728,341 мың теңге сомасына дисконттың амортизациясын қаржылық кірістер құрамында көрсетті.

## 14. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Бастапқы мерзімі 90 күнге дейінгі қысқа мерзімді банктік салымдар, теңге | **29,334,134** | 30,033,150 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар, теңге | **195,537** | 101,970 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар, АҚШ доллары | **37,883** | 26,654 |
| Банктердегі ағымдағы шоттар, еуро | **6,899** | 2,388 |
| Кассадағы қолма-қол ақша | **179** | 1,097 |
| Минус: болжамды кредит залалдары бойынша резерв | **(200,696)** | (370,202) |
| **Ақшалай қаражат және оның баламалары, барлығы** | **29,373,936** | **29,795,057** |

2022 жылы анктік салымдар Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріне жылдық 13.00%-дан 14.61%-ға дейін (2021: жылдық 7.00%-дан 8.00%-ға дейін).

## 14. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Ақшалай қаражат және оның баламалары бойынша болжалды кредит залалдарына арналған резервтегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **370,202** | 29,947 |
| (Қалпына келтірілді)/есептеу | **(169,506)** | 340,255 |
| **31 желтоқсанда** | **200,696** | **370,202** |

## 15. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

| Мың теңге | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Өтелетін ҚҚС | **236,535** | 724,343 |
| Берілген аванстар | **141,896** | 223,692 |
| Болашақ кезеңдердің шығыны | **111,304** | 176,655 |
| Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем | **62,554** | 19,174 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | **101,748** | 83,264 |
| | **654,037** | **1,227,128** |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, берілген аванстар байланысты тараптарға берілген 959 мың теңге мөлшеріндегі сомаларды қамтиды (2021 жыл: 1,284 мың теңге) (28-ескерту).

## 16. КАПИТАЛ

*Жарғылық капитал*

| *Мың теңге* | **Жай акциялар** | |
|---|---|---|
| | Даналар саны | Сомасы |
| 2021 жылғы 31 желтоқсанда | 292,887 | 252,874,907 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда** | **292,887** | **252,874,907** |

Компанияның жарғылық капиталы жай акциялардан тұрады. Бір жай акция бір дауыс беруге құқық береді.

*Капиталдың өзге де компоненттері*

Капиталдың өзге де компоненттері капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қауымдастырылған компания - «Қазцинк» ЖШС-нің қаржылық есептілігін Топтың ұсыну валютасына қайта есептеу бойынша резерв болып табылады.

*Дивидендтер*

Топтың Жалғыз Акционері Басқармасының 2022 жылғы 13 мамырдағы шешіміне сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша 88,819,162 мың теңге, 2021 жылға 71,853,487 мың теңге және өткен жылдардың қорытындысы бойынша 16,965,675 мың теңге мөлшерінде жинақталған табыстарды қоса алғанда, дивидендтер жарияланды және төленді.

2021 жылы Топтың Жалғыз Акционері Басқармасының 2021 жылғы 24 мамырдағы шешіміне сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша 45,536,999 мың теңге сомасында дивидендтер жарияланды және төленді.

*Бақыланбайтын иелік үлестері*

| Мың теңге | **2022 жыл** | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **34,709** | **35,069** |
| Бақыланбайтын иелік үлестеріне келетін кезең ішіндегі жиынтық залал, барлығы | **(2,435)** | (360) |
| **31 желтоқсанда** | **32,274** | **34,709** |

## 17 КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ АЛЫНҒАН АВАНСТАР

| Мың теңге | Ескерту | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Бөгде ұйымдарға кредиторлық берешек | | **9,400,731** | 11,856,339 |
| Еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек | | **5,502,399** | 5,694,331 |
| Бөгде ұйымдардан алынған аванстар | | **75,929** | 659,809 |
| Байланысты тараптарға кредиторлық берешек | 28 | **17,170** | 20,024 |
| | | **14,996,229** | **18,230,503** |
| Қысқа мерзімді бөлігі | | **8,856,225** | 12,119,780 |
| Ұзақ мерзімді бөлігі | | **6,140,004** | 6,110,723 |
| | | **14,996,229** | **18,230,503** |

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйымды сатып алу үшін кредиторлық берешек 2016 жылы активтері мен міндеттемелерін «Tau-Ken Temir» ЖШС-іне ауыстырған «Қазақстан кремнийі» ЖШС-інің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алу бойынша «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ алдындағы берешек түрінде көрсетілген (28-ескерту).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бөгде ұйымдарға кредиторлық берешек негізінен құрамында алтыны бар шикізат үшін 7,582,893 мың теңге сомасына кредиторлық берешекпен ұсынылған (2021 жылғы 31 желтоқсан: геологиялық барлау жұмыстары үшін 4,031,084 мың теңге және құрамында алтыны бар шикізат үшін 6,204,929 мың теңге).

## 18. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған қарыздар төмендегідей көрсетілген:

| Мың теңге | Өтеу күні | Валютасы | Мөлшер-лемесі, % | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі | 2032 жылғы 20 желтоқсан | АҚШ доллары | LIBOR 6m + 2.5% | **31,214,943** | 7,627,439 |
| Қазақстан Халық жинақ банкі | 2029 жылғы 16 наурыз | АҚШ доллары | 5.5% | **21,366,175** | – |
| Қазцинк | 2022 жылғы 31 тамыз | АҚШ долларына индекстелген теңге | 4% | – | 1,657,859 |
| Еуразиялық Даму Банкі | 2022 жылғы 1 сәуір | АҚШ доллары | 6.25% | – | 11,926,354 |
| Минус: кредит алу үшін комиссияның амортизацияланатын сомасы | | | | **(262,213)** | (10,463) |
| **Барлығы** | | | | **52,318,905** | **21,201,189** |
| Қысқа мерзімді бөлігі | | | | **21,181,119** | 12,694,962 |
| Ұзақ мерзімді бөлігі | | | | **31,137,786** | 8,506,227 |
| **Барлығы** | | | | **52,318,905** | **21,201,189** |

## 18. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР (ЖАЛҒАСЫ)

*Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінен (бұдан әрі - ЕҚДБ) алынған қарыз*

2021 жылғы қыркүйекте Топ мөлшерлемесі бойынша 175,000 мың АҚШ доллары сомасына ЛИБОР плюс жылдық 2.5% (2023 жылғы 30 маусымнан бастап SOFR+ баламалы мөлшерлемесіне көшу көзделген), кредит желісі бойынша негізгі соманы 2025 жылдан 2032 жылға дейінгі жартыжылдық төлемдерін және 2021 жылғы желтоқсаннан 2032 жылғы желтоқсанға дейін жартыжылдық тең процентті үлестерін өтеу бойынша ЕҚДБ-дан кредит желісі бойынша шарттарды жаңартты.

2022 жылы Топ осы кредиттік желі бойынша жалпы сомасы 52,255 мың АҚШ долларына екі транш немесе 24,565,579 мың теңге баламасын алды (2021 жыл: 18,806 мың АҚШ доллары сомасына бір транш немесе 8,040,691 мың теңге баламасы, оның ішінде 875 мың АҚШ доллар немесе 374,124 мың теңге сомасында шарттарды өзгерткені үшін комиссия ұсталды).

2022 жыл ішінде Топ 1,249 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі пайызың немесе 580,171 мың теңгедегі баламасын төледі (2021 жыл: 74 мың АҚШ доллары немесе 32,207 мың теңге).

Кредиттік шартты қамтамасыз ету ретінде Топ кредиттік шарттың мерзіміне сәйкес келетін мерзімге ЕҚДБ кепіліне келесі активтерді және құжаттарды ұсынды:

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ " АҚ-дан қарыздың толық сомасына кепілдік;
- «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ еншілес ұйымының барлық ақшалай шоттарынан ақшалай қаражатты талап ету құқығы;
- 2,622 мың АҚШ доллары немесе 1,212,837 мың теңге мөлшеріндегі ұзақ мерзімді депозит.

Топта несие шартының талаптарына сәйкес белгілі бір қаржылық және қаржылық емес келісімдер бар. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ осы келісімдерді орындады.

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан алынған қарыз*

2022 жылғы наурызда Топ Қазақстан Халық банкі АҚ-мен жалпы сомасы 56,000 мың АҚШ долларын құрайтын қарыз шартқа отырды. Осы келісімнің мақсаты ЕҚДБ-дағы берешекті қайта қаржыландыру, бұрын келтірілген инвестициялық шығындарды өтеу, «Тау-Кен Самұрық «ҰТК» АҚ-ның қаржылық көмегін қайтару, инвестициялық шығындарды қаржыландыру болып табылады. Кредиттік шарттың талаптарына сәйкес 2022 жылы Топ 560 мың АҚШ доллары сомасында қарыз бергені үшін комиссия немесе 276,730 мың теңге сомасына теңгедегі баламасын төледі. Бұл комиссия тиімді пайыздық мөлшерлеменің бөлігі болып табылады және несие шартының мерзімі ішінде амортизациялануға жатады. Несие желісі бойынша пайыздар мен негізгі қарызды өтеу ай сайын жүргізіледі, негізгі қарыз 2024 жылдан бастап төленеді.

Топта несие шартының талаптарына сәйкес белгілі бір қаржылық және қаржылық емес келісімдер бар. Ковенанттардың шарттарына сәйкес, басқа шарттармен қатар, кредитор берген қарызын мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы бар. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ қарыз бен меншікті капиталдың арақатынасын сақтау туралы келісімін сақтамады және ұзақ мерзімді несиелерді қысқа мерзімді несиелерге қайта жіктеді. Топ кредиторды бұзушылық туралы хабардар етті және осы есептілік күніне қаржылық келісімдерді орындаудан босатылмады.

Кредиттік шартты қамтамасыз ету ретінде Топ Қазақстан Халық Банкі АҚ-на кредиттік шарттың мерзіміне сәйкес мерзімге Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орнында полиметалл кендерін өндіруге арналған №4187 келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге берді.

2022 жыл ішінде Топ кен орнын игеруге жұмсалған шығындарға 2,411,107 мың теңге сомасына қарыз бергені үшін комиссияның пайыздық шығыстары мен амортизациясын капиталдандырды (2021 жыл: 103,391 мың теңге).

2022 жылы Топ жалпы сомасы 46,161 мың АҚШ долларына транштар алды, бұл кредиттік желі бойынша 21,896,914 мың теңгеге тең. Қарыз алған кезде шарттардың өзгергені үшін 276,730 мың теңгеге тең 560 мың АҚШ доллары сомасындағы комиссия банкке төленді. Нәтижесінде іс жүзінде 45,601 мың АҚШ доллары алынды, бұл қарыз ретінде 21,620,184 мың теңгеге тең.

